

#ӘділеттіҚазақстан

Біздің жаңа экономикалық саясатымыз жалпыұлттық табысты әділ бөлуге және барлық азаматтың әл-ауқатын теңдей арттыруға бағытталған.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

МЕМОРАНДУМ



АЛМАТЫ ЖӘНЕ ПУСАН

ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды

4

ТАНЫМ



«АЛТЫН АДАМНЫҢ АМАНАТЫ»

12-13

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ



ТАНЫТЫП ЖАЗ ҚАБАҚ, ЖАРҚЫН ЖҮЗ, ЖЕТТІҢ БЕ ЖАДЫРАП, АЛТЫН КҮЗ!?

24

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

15.09.2022

Түнде:



+6+8 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+21+23 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

16.09.2022

Түнде:



+10+12 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+25+27 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №106 (6241) 15 қыркүйек, бейсенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ІЗГІ НИЕТ ПЕН ОРТАҚ МҮДДЕ

Бейбітшілікті сақтау мен өркениетаралық диалогты
нығайтудың басты кепілі



Елордадағы Тәуелсіздік сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезі өз жұмысын бастады. Оған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Бір минуттық үнсіздіктен кейін «Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің пандемиядан кейінгі кезеңдегі адамзаттың рухани және әлеуметтік дамуындағы рөлі» атты пленарлық отырысты ашқан ел Президенті Қазақстан үшін әлемнің ең құрметті рухани көшбасшыларын бірге жинап, диалог орнату үлкен құрмет екенін атап өтті. Әлемдегі ең беделді рухани көшбасшылардың басын қосып, диалог құру еліміз үшін зор мәртебе екеніне тоқталды.

2

ШЕШІМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС шешім қабылдады



Конституциялық Кеңес Республика Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының Конституцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтініші бойынша шешім қабылдады. Бұл туралы мәлімет Конституциялық Кеңестің ресми сайтында жарияланды.

ҚЫСҚА...

- Мемлекет басшысы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс сессиясына қатысты.
- Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХР Төрағасы Си Цзиньпинді Алтын Қыран орденімен марапаттады.
- Рим Папасы Франциск Абай философиясы жайында пікір білдірді.
- Еуропалық Одақ «омикронға» қарсы тағы бір екпені мақұлдады.
- Қазақстан Арменияға бітімгерлерін жібермейді.
- Димаш Құдайберген діндер съезі аясында өнер көрсетті.
- Елімізге шетелдік компаниялардан 6,1 млрд теңге салық түсті.

www.almaty-akshamy.kz



3



ӘЛЕМДЕ ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ ҚҰРУ – БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ МІНДЕТ

Еліміздегі және бүкіл әлемдегі диалог пен ынтымақтастықты нығайту – Қазақстан саясатының маңызды бөлігі...

Қазіргі күрделі кезеңде съездің тарихи мәні артып отыр. Өйткені, халықтар арасындағы келісімді нығайтып, пандемиядан кейінгі әлемде әділетті қоғам құру – бәрімізге ортақ міндет. Осы орайда, ашық диалог орнату өте маңызды. Дін көшбасшыларының VII съезі тың идеяларға жол ашып, баршамызды биік белестерге жеткізеді деп сенемін.

Біздің мүддеміз және ниетіміз – бір. Бәріміз де бейбіт әрі берекелі болашаққа қадам басуды қалаймыз.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ» ХАБАРЛАЙДЫ:

■ ПРЕЗИДЕНТ

Келесі жылы сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев аталған мерейтойға дайындық аясында Қазақстан тарапы Каирдегі сұлтан Бейбарыс мешітін қайта жөндеуге айтарлықтай үлесін қосатынын айтты.

Бұл туралы Президенттің «Әл-Азһар» университетінің Жоғарғы имамы Ахмад ат-Тайебпен кездесуінде айтылды. «Біз өзіңіз басқаратын «Әл-Азһар» университетін ортақ дініміз – ислам құндылықтарын дәріптеуші «шамшырақ» ретінде қарастырамыз. Сондықтан толеранттық пен ұстамдылықты, сабырлық пен мейірімділікті ту еткен орталық ғұламаларының бүгінгі Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының басқосуына қатысуы біз үшін өте маңызды», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ислам білімінің ордасы және діни экстремизмге қарсы іс-қимыл орталығы саналатын «Әл-Азһар» университетінде қазақстандық студенттердің білім алуына жасалған жағдайды жоғары бағалайтынын жеткізді. Сонымен қатар, «Әл-Азһардың» Қазақстанда ислам білімі мен зерттеулерінің дамуына қомақты үлес қосып отырғанын ерекше атап өтті.

■ ҮКІМЕТ

ҚР Премьер-Министрі Әліхан Смайыловтың төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы 8 айдағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы және республикалық бюджеттің атқарылуы қаралды.

Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров биылғы қаңтар-тамызда Қазақстан экономикасының өсу қарқыны 3,1%-ды құрағанын мәлімдеді. Нақты сектор 3,3%-ға өсті, қызмет көрсету саласында іскерлік белсенділік 2,3%-ға өсті.

Премьер-Министр экономикалық өсудің негізгі драйверлері өңдеу өнеркәсібі, машина жасау, оның ішінде автомобиль жасау, локомотивтер мен вагондарды қосқанда, басқа да көлік құралдарының өндірісі екенін атап өтті.

Ауыл шаруашылығында, саудада, көлік және байланыс салаларында оң динамика тіркелген. «Өңір әкімдіктері мемлекеттік органдармен бірлесіп, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағаларын тұрақтандыру, азық-түлік өнімдерінің өндірісін ынталандыру және ішкі нарықты толықтыру бойынша жұмыстарды күшейтуі қажет», – деді Премьер-Министр.

■ МИНИСТР

Үкімет отырысында «Цифрландыру, ғылым және инновация есебінен технологиялық серпіліс» ұлттық жобасын іске асыру барысы қаралды.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннің хабарлауынша, Ұлттық жоба аясында мемлекеттік қызмет көрсетудің 175 бизнес-процесіне жаңа әдістеме бойынша реинжиниринг жасалған. Нәтижесінде жұмсалатын қағаз саны мен қажетсіз бюрократия жойылды. Сондай-ақ, 9 мемлекеттік қызмет түрін Халыққа қызмет көрсету орталықтарына бармай-ақ, бейне-қызмет арқылы алу мүмкіндігі іске асырылды. Жыл соңына дейін олардың саны 44-ке дейін жеткізілмек. ХҚКО-ларды жаңғырту жоспар бойынша жүзеге асырылуда, қазірдің өзінде 8 жаңа фронт-офис халыққа қызмет көрсетіп жатыр. 2024 жылға дейін 115 халыққа қызмет көрсету орталығы жаңғыртылады.

■ ЦИФРЛАНДЫРУ

«Kaznedra» бірыңғай платформасы бойынша бүгінде тестілеу режимінде minerals.gov.kz сайты іске қосылды. Қазірден бастап пайдаланушының жеке кабинетінде интерактивті картаға басылған жер қойнауы туралы 1,5 мың электронды есеп қолжетімді. Платформа арқылы жер қойнауын барлауға тиісті лицензияға өтінім беру және уәкілетті мемлекеттік органмен өзара электронды хат алмасу мүмкіндігі бар.

Құрылыс және көлік салаларын цифрландыру аясында E-Qurylys платформасында 92 республикалық автомобиль жолдарының құрылысын бақылау процесі жүзеге асырылып жатыр.

Ауыл шаруашылығы саласында 2022 жылдың 1 шілдесінен бастап Субсидиялау жүйесі іске қосылды. Мұнда фермерлерге қажетті мемлекеттік қолдау жөніндегі барлық ақпарат жиналған, бұл фермерлерге шығындарды 30%-ға қысқартуға, жалпы құжаттармен әуре-сарсаңды қысқартуға мүмкіндік береді.

Білім беруді цифрландыру бойынша маңызды жобалардың бірі – оқулықтар портфелін цифрлық форматқа көшіру. Бүгінде қолда бар 670 баспа оқулығының 97%-ы цифрлық форматқа көшірілді. Жыл соңына дейін 100% цифрландырылады. Биылғы жылдың соңына дейін «Отбасының цифрлық картасы» және «Әлеуметтік әмиян» жобаларының тиімді жұмысы қамтамасыз етілмек, сондай-ақ 2023 жылдың соңына дейін Kaznedra платформасы іске қосылмақ.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

СЪЕЗД

ІЗГІ НИЕТ ПЕН ОРТАҚ МҮДДЕ

Бейбітшілікті сақтау мен өркениетаралық диалогты нығайтудың басты кепілі



(Басы 1-бетте)

ЖАҒАНДЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ АЛҚАЛЫ ЖИЫН

Президент Ватикан мен Католик шіркеуінің басшысы Рим Папасы Францискке, ең көне Әл-Азһар ислам университетінің Жоғарғы имамы Шейх Ахмад ат-Тайебке, Орыс православ шіркеуінің өкілдеріне, Израильдің Бас ашкеназ раввині Давид Лауға, Израильдің Бас сефард раввині Ицхак Иосифке және форумның барлық қатысушысына өзінің ілтипатын білдірді.

– Біздің шақыруымызды қабыл алып, Қазақстанға келгендеріңіз үшін бәріңізге алғыс айтамын. Бұл бейбітшілікті сақтауға және өркениетаралық диалогты нығайтуға бәріміздің мүдделі екенімізді көрсетеді. Өзгеріске толы әрі белгісіздік белең алған қазіргі заманда бүгінгі басқосудың айрықша мәні бар. Біздің съезд өркениетаралық диалог орнататын жаһандық деңгейдегі алқалы жиынына айналды. Бұл форумды өткізуге Қазақстанның бастамашылық етуі бекер емес. Себебі, қазақ жері ғасырлар бойы Батыс пен Шығыстың арасындағы көпір болып келеді. Осында, яғни Ұлы дала төрінде небір алып көшпелі империялар өмір сүрген. Діни ұстамдылық – олардың бәріне ортақ сипат, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«БІРЛІГІМІЗ – ӘРАЛУАНДЫҚТА»

Президент тұжырымдағандай, Қазақстан халқы түрлі өркениеттер мен діндердің дәстүрін, төзімділік пен ашықтық қасиеттерін қабылдады. Сондықтан «бірлігіміз – әралуандықта» қағидаты еліміздің негізгі ұстанымына айналды.

– Қазіргі уақытта 100-ден астам этнос Қазақстанда өзара түсіністік пен келісім жағдайында өмір сүреді. 18 конфессияның 4 мыңға жуық діни бірлестігі еркін жұмыс істеп жатыр. Мұны біздің баға жетпес байлығымыз әрі мызғымас басымдығымыз деп санаймыз. Съездің өткізілуі – еліміз бен бүкіл әлемде диалог пен ынтымақтастықты нығайтуды көздейтін Қазақстан саясатының маңызды бағыты. Бұған дейінгі форумдарда қабылданған декларацияларда қандай идеялардың атын жамылғанына қарамастан радикализм, зорлық-зомбылық пен қақтығыстар әрдайым сынға алынды. Қазіргі күрделі жағдайда діни көшбасшылардың бір үстел басына отырып, кез келген қайшылықты еңсеретін ізгі амалдың үлгісін күллі әлемге көрсетуі аса маңызды. Менің ойымша, біздің съездің басты миссиясы мен ерекшелігі осында, – деді Президент.

Мемлекет басшысы коронавирустың таралуы экономика, саясат, әлеуметтік қатынастар сияқты өмірдің барлық саласына қатты ықпалын тигізді деп санайды. Карантиндік шаралар тауар тасымал-

дау жолдары мен қызмет көрсету, туризм, көлік және басқа да салаларға кері әсерін тигізді. Дағдарысқа қарсы мемлекеттік шығындардың артуы экономиканың құлдырауын тежеді, бірақ жаһандық инфляцияның өсуіне ықпал етті. Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, ірі державалар арасында геосаяси қайшылықтар күшейіп, әлемнің түкпір-түкпірінде шиеленістер үдей түсті.

– Қырғиқабақ және өзара сенімсіздік жағдайы халықаралық қатынасқа қайта оралып жатыр. Заманауи сын-қатерлерге нені қарсы қоюға болады? Тарих бұған бір ғана жауап береді. Ол – ізгі ниет, диалог және ортақ күш-жігер. Табысқа жетудің басқа кепілі жоқ. Қазақстан кез келген даулы мәселені БҰҰ Жарғысына сәйкес тек қана келіссөз үстелі арқылы шешуді үнемі айтып келеді. Туындаған қайшылықтарды күшіпен, қорқытумен немесе санкциялармен реттеу мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Мұндай сәттерде гуманистік идеалдарға жүгіну аса маңызды. Олардың басты қайнар көзі дәстүрлі діндер екені даусыз, – деді Мемлекет басшысы.

ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

Президент жаңа жүйенің қауіпсіздігі адам өмірінің абсолютті құндылығы, бір-бірінің мүдделерін құрметтеу, өзара көмек, ашықтық, теңдік және әділдік сияқты қағидаттардан құрылады деп санайды. Бұл мәселеде адамгершілік бедел мен рухани көшбасшылардың сөзі өте маңызды.

Қасым-Жомарт Тоқаев съезд қатысушыларына арнаған сөзінде Қазақстан дамуының конструктивті мәселесін өңірлік және жаһандық деңгейде жан-жақты ілгерілетуге елеулі үлес қосатынын айтты. Ал еліміздің ішкі мәселесінде бірлік, ынтымақ және тиімді диалог негізгі басымдық саналады. Бүгінде еліміз ауқымды реформалар бағдарламасын жүзеге асырып, Әділетті Қазақстанды құруға кірісті.

– Біздің жаңа экономикалық саясатымыз жалпыұлттық табысты әділ бөлуге және барлық азаматтың әл-ауқатын теңдей арттыруға бағытталған. Біз халықаралық сауда мен инвестициялық серіктестікті тереңдетуді қолдаймыз. Энергетика және өндіруші салаларда экологиялық талаптарды дәйекті түрде күшейтіп, балама қуат көздерін пайдалану ісін кеңейтіп келеміз, – деді Президент.

Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық үдерістегі дін мен рухани көшбасшылардың рөлін қайта зерделеуге бағытталған бірқатар тезисті талқылауға ұсынды.

– Біз мәдениетке, экономика мен қоғамға қатысты теориялық тұжырымдар мен практикалық әдістерді түбегейлі жаңғыртуымыз керек. Өркениеттің шынайы болмысы мен мәнін сақтау үшін

қоғамның барлық саласына ауқымды реформалар қажет, – деді Мемлекет басшысы.

ДІНДЕР КӨШБАСШЫЛАРЫНЫҢ ЖОҒАРЫ МИССИЯСЫ – АДАМДАРҒА АҚИҚАТТЫ ЖЕТКІЗУ

Қазақстан Президентінің пікірінше, рухани көшбасшылардың күш-жігерін жұмылдыруы және диалогы бүкіл адамзатқа қазіргі текетірестерден шығу жолын көрсетеді.

– Осындай ауқымды диалог тәжірибесі рухани көшбасшыларға түрлі бітімгерлік бастамаларды белсенді көтеруге құқық береді. Бұл әлемнің түкпір-түкпірінде болып жатқан «қақтығыс ошақтарындағы» әскери қимылдар мен адамдардың зардап шегуін тоқтату үшін аса маңызды. Діндер басшылары – адамзаттың ар-ожданын сақтаушылар. Сондықтан өзара сенімге, қайырымдылық пен бейбітшілікке бастайтын жолды сіздер ғана нұсқайсыздар. Қазір адамзат бұрын-соңды болмаған жасампаз іс-әрекетке мұқтаж. Халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйесін қалыптастыру үшін бәрімізге бейбітшілік жолындағы жаңа жаһандық іс-әрекет керек. Бұл мәселеде рухани көшбасшылардың рөлі аса зор деп санаймын, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы гуманизм идеалдары мен берік рухани құндылықтарды ілгерілетуге шақырды. Оның айтуынша, жаңа технологиялар адам өмірінің барлық саласын түбегейлі өзгертіп жатыр. Пандемия бұл үдерісті жылдамдатып, күшейте түсті. Цифрлық коммуникациялар, интернет пен әлеуметтік желілер бүкіл жер шарындағы адамдар арасындағы шекараны бұзып, маңызды рөл атқарады.

– Біз цифрлық технологиялардың әсерімен қоғамның бөлшек-теніп, көзқарастар қайшылығы күшейе бастағанын байқап отырмыз. Виртуалды әлем көптеген адам үшін шынайы әлемнің орнын алмастыра бастады. Сондықтан жаңа цифрлық заманда рухани құндылықтар мен адамгершілік қасиеттер туралы мәселені қайта күн тәртібіне қою керек. Жас ұрпаққа жүйесіз берілетін ілім мен білім адамзатты жалпы даму мен жақсылыққа апармайды. Дін барлық кезеңде өзінің негізгі тәрбие беру қызметін атқарды. Құран, Інжіл, Таурат және басқа да қасиетті кітаптар гуманизм, жана-шырлық және мейірімділік идеяларына толы. Олар агрессияны жақтамайды, зорлық-зомбылықты айыптайды, толеранттылық пен ұстамдылыққа шақырады. Қазіргі заманда діндер көшбасшыларының жоғары миссиясы – адамдарға осы маңызды ақиқатты жеткізу, – деді Қазақстан Президенті.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ШЕШІМ

КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС шешім қабылдады

(Басы 1-бетте)

«Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына, соның ішінде Негізгі Заңның 91-бабының 2-тармағында белгіленген талаптарға, сәйкес деп танылсын», – делінген онда.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қорытындысы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді және республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті, түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

Конституциялық Кеңес осы шешіміне орай түсініктеме берді. Онда былай тұжырымдалған:

«Конституциялық Кеңес Республика Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобасының Конституцияның 91-бабының 2-тармағына сәйкестігін тексеру туралы өтінішін қарады.

Заң жобасы Конституцияда Республика Президентінің бір мәрте жеті жылдық өкі-



леттік мерзімін белгілеуді, сондай-ақ ел астанасының атауын өзгертуге байланысты Негізгі Заңның 2-бабына түзетулер енгізуді көздейді.

Конституциялық Кеңестің пікірінше, президенттік және парламенттік сайлау институты мемлекеттіліктің конституциялық мо-

делінің барлық компоненттерін қозғайтын ерекше конституциялық құндылық. Сол себепті, ол мемлекеттің маңызды органдарын жанартудың тиімді құралы болып табылады. Осы арқылы Республиканың әлеуметтік негізі, халықтың мемлекеттік билік бастамаларын қолдауы нығайтылады.

Конституциялық Кеңес сайлау науқандары кезеңінде азаматтық қоғамның әртүрлі сегменттері жанданатынына назар аударды. Осы жағдайларда Қазақстан Республикасының Конституциясында баянды етілген барлық құндылықтар серпінді әрі үйлесімді іс-әрекет етуге тиіс.

Конституциялық Кеңестің пайымдауынша, президенттік мандаттың бір мәрте жеті жылдық мерзімін белгілеу ағымдағы жылғы 5 маусымдағы республикалық референдумда қабылданған мемлекеттік билікті монополизациялауға жол бермеуге бағытталған конституциялық новеллалардың мәніне сай келеді.

Президенттік мандатты бір мерзіммен шектейтін Конституцияның 42-бабы 5-тармағының ұсынылып отырған редакциясы аталған жоғары лауазымды тұлға лауазымына сайланатын барлық адамдарға тең негізде қолданылатын болады. Онымен Конституциялық Сот судьяларының бір мәрте сегіз жылдық өкілеттік мерзімін анықтау үйлеседі.

Осы орайда, Конституциялық Кеңес «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Заң жобасы Конституцияда белгіленген талаптарға сәйкес деп санайды».

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

БАСЖОСПАР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ КЕҢЕСІ ӨТТІ Алматының әр шаршы метрі тұрғындар үшін қолайлы болуға тиіс

Бұл туралы қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша іске асыруға ұсынылған қала құрылысы және сәулет жобалары аясында құрылған Қала құрылысы кеңесінің бірінші отырысында айтылды.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы қаласының Қала құрылысы кеңесі ережелерді, жобаларды таныстыруға қойылатын талаптарды және оларды бағалау тетіктерін қабылдады. Қалада жүзеге асыруға ұсынылған кез келген жоба аумақтарды дамыту жоспарларына, қаланың Бас жоспарына және қала құрылысының талаптарына сәйкес келуі керек.

Жобаны әзірлеушілер аумақтың тұжырымдамасын, соның ішінде көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым, абаттандыру және тағысын тағы мәселелерді толықтай ескеруі қажет. Осыған сәйкес, басқа да бірқатар талаптарды Қала құрылысы кеңесінің алғашқы отырысында кеңес мүшелері талқылап, шешім қабылдады. Кеңес мүшелерінің құрамына сәулет, қала құрылысы, урбанистика, көлік, инклюзия, экология, креативті экономика, әлеуметтану, экономика саласындағы сарапшылар кірді.

Ұсынылған жоба техникалық талаптарға сай болуы және өз уақытында пайдалануға берілуі міндетті.

Еске сала кетейік, егер отырысқа оның мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса, Кеңес шешімдері заңды дауыс беруден қалыс қалған жағдайда хаттамаға өзінің жеке пікірінің мәтінін қоса беруге міндетті.

Қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасымен құрылған Кеңес айына кемінде 2 рет жиналатын болады.

Қала құрылысы кеңесінің төрағасы, «Урбостиль» ЖШС жобалау-қала құрылысы фирмасының директоры, Қазақстан Қала құрылысы одағының президенті Любовь Нысанбаева Кеңестің жаңа құрамы Алматы Даму бағдарламасының аспектісі мен қаланың жалпы тұжырымдамасымен, оның ішінде көлік және әлеуметтік инфрақұрылыммен, көгалдандырумен байланысын ескере отырып, қала аумағын кешенді дамытуды алға қойып отырғанын атап өтті.

«Қала құрылысы кеңесін құрудың мақсаты – әр адамның кәсіби құзыреттілігін ескере отырып, жобаға қатысты пікірлерді салыстыру және оңтайлы шешім табу», – деді Любовь Нысанбаева кездесу қатысушыларына.

Қала құрылысы кеңесінің мүшесі Гүлмира Байғабұлова әлемдік деңгейдегі мамандардың сараптамасы қаланың дамуы үшін өте маңызды екенін атап өтті.

«Менің ойымша, халықаралық сарапшыларды тарту қаланың басты мәселесі – автокөліктердің доминантты барынша азайту мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Урбанист, архитектор Рикардо Маринидің айтуынша, жаяу жүргіншілерге арналған жолдардың санын көбейтіп қана қоймай, сапасын да арттыру керек», – деді Гүлмира Байғабұлова.

БРИФИНГ

ЦИФРЛАНДЫРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

Алматы қаласы цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев ведомство жұмысының қорытындылары туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде айтып берді.

Брифинг барысында басқарма басшысы AlmaU қалатану орталығының студенттері Цифрландыру департаментімен және Frontier.kz компаниясымен бірлесіп, жаяу жүргіншілер қозғалысына кедергілерді, аудандардың коммерциялық мүмкіндіктерін, қоғамдық көліктің қолжетімділігін және негізгі құрылыстың морфотиптерін анықтау үшін Алматы қаласының аудандарына талдау жасағанын атап өтті.

Баян Қоңырбаевтың мәлімдеуінше, ақылды қаланы дамыту аясында 3 жылдық жұмыстың қорытындысы бойынша Алматы болашақ қалалар тұжырымдамасын әзірлеуге дайын қалалар тізіміне енді. Азиядан тек Сеул, Сингапур және Алматы таңдалды.

Спикердің айтуынша, «БКДҚ 112» Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметінің жобасы бойынша атқарылған істерге тоқтала келіп, бүгінде Әуезов көшесі, 82 мекенжайдағы ғимаратты реконструкциялау жұмыстарының аяқталғанын жеткізді. Алматы қалалық Құтқару қызметінің бюджеттік бағдарламасының әкімшісі бекітілді, Авауа техникасы көшірілді, серверлік бөлмеге қосымша кондиционерлер орнатылып, тұрақты электр қуатымен қамтамасыз етілген. Барлық авариялық-құтқару қызметтерімен (101, 102, 103) БКДҚ-112 операторларын оқыту және мүмкіндігінше АЖ 101, 102, 103 АЖ EDDS-112 біріктіру жұмыстары басталды. 162 операторды оқыту жоспарлануда.

Б.Қоңырбаевтың айтуынша, Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет жобасын жүзеге асыру қарқынды жүріп жатыр. Ол АҚШ-тың 911 принципі бойынша жұмыс істейтін болады, Дубайда да дәл солай: 101, 102, 103 жедел қызметтеріне арналған байланыс орталықтарының операторлары біріктіріледі, бірақ қызметтердің өзінде Жедел басқару орталықтары сақталады. Сонымен қатар, опера-



торлар адамның орналасқан жерін, нөмірдің кімге берілгені туралы ақпаратты, абоненттің толық картасын көреді.

МЕГАПОЛИСТЕ 766 «СЕРГЕК» КЕШЕНІ ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Баян Қоңырбаев Алматы қаласы бойынша БМБЖ бейнемониторингтің бірыңғай жүйесін енгізу бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы да айтып өтті. Спикердің айтуынша, бүгінде БМБЖ және ККМ (көлемді көрініс мониторы) бойынша 3050 камераға арналған бюджет бекітілді, Алматы қаласының ДП-мен бірлесіп ККМ камераларының қажеттілігі зерттелді, аудандық әкімдіктермен бірлесіп камералар тізімі бекітілді, әлеуметтік нысандар мекенжайлары көрсетілген тізім анықталды. Бұдан басқа, 30 маусымда Мемлекет басшысы «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» ҚР Заңына толықтыруларға қол қойды, олар деректерді беру арналары үшін ақы төленген жағдайда Бизнесінің бейнекамераларынан бейне ағындарын өтеусіз негізде жинауға мүмкіндік береді.

Брифинг соңында Баян Қоңырбаев зияткерлік қауіпсіздік жүйесін кеңейту және Алматының «Сергек» автожолындағы көлік қозғалысын талдау туралы айтты.

Оның айтуынша, мегаполисте 766 «Сергек» кешені жұмыс істейді, оның ішінде 383 АПК желілік учаскелерде және 383 АПК Алматының 8 ауданында барлығы 5034 камерамен қиылысқан жерлерде орналасқан.

Өткен жылы «Сергек» жүйесі бойынша 50 пайыздық жеңілдікті

есепке алғанда бюджетке өндірілген жалпы сомасы 18 147 508 764 теңгені құрайтын 1 431 823 айыппұл тіркелгені белгілі, 7 817 119 839 теңге. 2022 жылы (қаңтар, ақпан, наурыз, сәуір, мамыр) 150 мыңнан астам айыппұл тіркеліп, Алматы қаласының бюджетіне 2 146 918 431 теңге өндірілді. 2021 және 2022 жылдарға арналған бюджетке түскен кірістердің жалпы сомасы 9 964 038 270 теңгені құрады.

Бүгінде Алматы қаласында жобаны кеңейту мәселесі пысықталуда. Қосымша орнатуды талап ететін «Сергек» кешендерінің саны – 469 АПК, сондай-ақ «Жол қозғалысы қауіпсіздігі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесі бекеттерін модернизациялау (ауыстыру) бойынша қосымша 106 АПК құрады. АПК жалпы саны – 575. Сондай-ақ, «Сергек» келісім-шартын Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының теңгеріміне беру мәселесі шешілуде.

ПИЛОТТЫҚ ЖОБА

Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында сөйлеген Алматы қаласы Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев инженерлік желілерді Қызметке пилоттық режимде қосу жұмыстары қазірдің өзінде басталғанын айтты. Алғашқы болып «Алматы Су» МКК бастады.

«Біз бұл тәжірибені басқа кәсіпорындарға көшіруді жоспарлап отырмыз. Қалалықтар үшін бұл өзгерді. Бұрын жеке үйлердің тұрғындары әрбір коммуналдық кәсіпорынға қағаз түрінде өтініш беруі керек болса, енді eGov порталы немесе Ашық порталы арқылы жай ғана деректерді толтырып, барлық өтініштерін ретімен жіберуге мүмкіндік алады. Барлық құжаттарды кері қайтаруға әрбір мекенжайға барып өтініш жазудың қажеті жоқ», – деп түсіндірді Б.Қоңырбаев.

Басқарма сонымен қатар 2022 жылдың соңына қарай Бірыңғай бейнебақылау жүйесін, Коммуналдық қызмет көрсетушілердің тұтынушылармен өзара әрекеттесу қызметін – «Сервис», Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызмет – 112-ні, Бірыңғай байланыс орталығы – 109-ды, «Smart шамдар» мен Алматы қаласының Ахуалдық орталығын енгізуді жоспарлап отыр.

Әзірлеген
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



МЕМОРАНДУМ

АЛМАТЫ ЖӘНЕ ПУСАН
ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ туралы келісімге қол қойды

Қазақстан Республикасы мен Корей Республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастардың 30 жылдығы шеңберінде Алматы және Пусан қалаларының арасында достық пен ынтымақтастық орнату туралы Меморандумға қол қою рәсімі өтті.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Меморандум түрлі салаларда, оның ішінде экономика, туризм, мәдениет, білім, шығармашылық индустрия (кино және цифрлық

медиа) салаларында өзара ынтымақтастықты көздейді. Құжатқа Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров, сондай-ақ Пусан қаласының экономика жөніндегі вице-мэрі Ли Сонгвун қол қойды.

«Еліміздің мәдени астанасы

Алматы қаласында сіздерді көргеніме қуаныштымын. Екі ел арасындағы ынтымастық берік әрі мығым болады деген сенімдемін», – дейді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Әлішер Әбдіқадыров.

Сондай-ақ, кездесу шеңберінде Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы мен Пусан қаласының экономикасын ілгерілету агенттігі арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Құжатқа Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының басшысы Берік Солтанбаев және Пусан қаласының экономикасын ілгерілету агенттігі Жаһандық бизнесті қолдау департаментінің директоры Ким Чжэ Габ қол қойды.

Пусан қаласының делегациясы Алматы қаласына іссапармен «Еуразиялық экспедиция» шеңберінде келді. Оның негізгі миссиясы Еуропа мен Азияның белгілі бір елдерімен достық қарым-қатынастар орнату, жергілікті халықпен мәдениет және білім саласында тәжірибе алмасу, «ЭКСПО-2030» көрмесін (Пусан қаласы) ілгерілету шеңберінде Пусан қаласының танымалдылығын арттыру болып табылады.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҚОРЫ

Қазақстанның барлық өңірлерінде IPO тақырыбында тұрғындармен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын өткізеді.

Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Халықпен, кәсіпорын жұмыскерлерімен және қоғам қайраткерлерімен кездесулер бүкіл елде 60-тан астам қалада өтеді. Іс-шараларға «Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, «Қазпошта» АҚ, АІХ және KASE қазақстандық қор биржаларының және брокерлік-дилерлік ұйымдардың өкілдері қатысады.

Сарапшылар қоғамдық қордың жекешелендіру бағдарламасының және портфельдік компаниялардың

IPO-ның іске асырылу барысымен, оның ішінде бірінші IPO-кандидаты – «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ компаниясына қатысты негізгі ақпаратпен таныстырады.

«Самұрық-Қазына» АҚ мақсаттарының бірі – барлық қазақстандықтардың IPO-ға қатысуын қолжетімді еткізеді. Үкіметтік Жекешелендіру жоспарын іске асыру шеңберінде, Қор Қазақстан Республикасының азаматтарына өз активтерін бәсекелес ортаға шығару тетіктері және елдің ірі компанияларының IPO-ға қатысу мүмкіндіктері туралы толық ақымды ақпарат таратуды жалғастырады.



АНЫҚТАМА ҮШІН:

2025 жылға дейін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның 8 ірі активі, оның ішінде IPO арқылы бәсекелес ортаға ішінара шығарылады. «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ IPO-сы осы жылға жоспарланған. Естеріңізге сала кетейік, 2012–2020 жылдар аралығында Қордың бірнеше ірі компаниялары қазақстандық қор алаңдарында акциялардың листингін өткізді. «Самұрық-Қазына» портфельдік компанияларының IPO-ның табыстылығы төленген дивидендтердің көлемімен және компаниялардың листинг басталғаннан бастап олардың нарықтық капиталдандыруының ұлғаюымен расталады. Мәселен, KazTransOil компаниясында акциялар құнының өсімі 121%-ды, KEGOC – 281%-ды, Kazatomprom – 383%-ды құрады.

ГҮЛ-ҚАЛА

АЛМАТЫ –
ГҮЛІМЕН КӨРКЕМ

Миллиондаған тұрғыны бар алып шаһарды гүлсіз елестету мүмкін емес. Өйткені, гүл – сәлудықтың белгісі.

Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бүгінде Алматы жайқалған жасыл желегімен, қызылды-жасылды гүлдерімен көпшілікті өзіне баурап алған сән қалаға айналды. Қаланың қай жағына барсаңыз да алдыңызға гүлден кілем төсегендей күй кешесіз. Жайқалып өсіп тұрған гүлдің кез келген адамға қуаныш сыйлайтыны өз алдына, түрлі-түсті гүлдің қасында тұрып естелікке суретке түсудің өзі бір ғанибет қой, шіркін! Рас, Алматы көздің жауын алатын түрлі-түсті гүлдерге толы. Көше бойына, арнайы себеттерге отырғызылған гүлдер қаланың көркін еселей түскен.

Сұлулыққа жаны құмар алматылықтар үшін биыл қала билігі мегаполисті абаттандыру мақсатында 159 331 шаршы метр аумаққа бір жылдық және көпжылдық сәндік гүл композицияларымен көркемдеуге мүмкіндік беріпті. Сол еңбек бүгінде жемісін бергендей... Қаламыздағы саябақтар мен көпшілікке арналған қоғамдық кеңістіктер, магистральды көше бойлары, аспанмен таласқан биік ғимараттардың алды түрлі-түсті гүлмен жайқалып тұр. Егер Алматыны осындай әсемдікке бөлей беретін болсақ, шаһарымызда әдемі әрі ел сүйсінетін көрікті жерлер көбейе түсетіні анық. Өйткені, Алматы – гүлімен көркем!

СЪЕЗД КҮНДЕЛІГІНЕН

Рим Папасы ФРАНЦИСК:

АБАЙ АЙТҚАНДАЙ,
БІЗ МӘНГІЛІК ЕМЕСПІЗ

Елордада өтіп жатқан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде Рим Папасы ұлы Абайдың тұжырымдарын мысалға келтірді.

«Осы жердің ең атақты ақыны, оның қазіргі әдебиетінің атасы – Абай артында дінишілдікпен сусындаған туындылар қалдырды, онда осы халықтың жан-дүниесіндегі ең жақсы нәрсе көрсетілген – бейбітшілікті аңсайтын және соған ұмтылатын үйлесімді даналық».

«Абай адамзаттың бастауы – махаббат пен әділдік екенін еске салады. Ешқандай жаздауда зорлық-зомбылықты ақтауға болмайды. Адамға лайықты қасиет – балаларға, жас ұрпаққа ерекше қамқорлықпен өткізетін кездесулер, ақылдасып, бір-бірін құрмет тұту арқылы, шыдамды келіссөздер. Абай осыған байланысты білімін кеңейтуге, өз мәдениетінен тыс шығуға, таным, тарих және басқалардың әдебиетін қабылдауға шақырды. Өтінемін, қару-жараққа емес, білімге ақша салайық».

Рим Папасы бүгінде ең үлкен қауіп факторы әлі де кедейлік екенін атап өтті. Осы орайда Абайдың «Аштыққа ұшырағандар анық ойлап, оқуда құлшыныс таныта ала ма?» деген сөзін айтып өтті. «Кейінгі онжылдықта бұл дін басшылары арасындағы диалогтың басты тақырыбы болды. Абай: «Зұлымдыққа кедергі келтірместен жол беретін адамды шынайы дінишіл деп санауға болмайды», – дейді. Бауырлар мен әпкелер, әрқайсымыз зұлымдықтан арылуымыз керек. Қазақтың ұлы ақыны осыны талап етті», – деді Рим Папасы.

«Абай айтқандай, біз мәңгілік емеспіз. Бәріміз әлсіз екенімізді сезіндік, көмексіз қалғанымызды түсіндік. Ешкім бұл тұрғыдан тәуелсіз бола алмайды. Бұл мәселеде бірлікті нығайту керек. Біз бұл жолда одан әрі алға ұмтылуымыз шарт. Жария түрде барлық проблеманы бірге шешуіміз керек. Сондықтан дінде бейтарап қарамауға тиістіміз», – деді Рим Папасы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезінде.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің интернет-ресурсы).

КӨРМЕ

Қалада ертең сағат 15.00-де «Дос-Мұқасан» тобының 55 жылдығына арналған «Алматы түні» көрмесі өтеді.

Аңызға толы көрме

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Ерекше көрме Алматы мұзейінде Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен «Дос-Мұқасан» вокалдық-аспаптық ансамблінің 55 жылдығына арналған «Алматы түні» көрмесі ашылады.

Көрмеде «Дос-Мұқасан» тобының жеке мұрағатында сақталған

200-ден астам экспонат: сахналық костюмдер, музыкалық аспаптар, марапаттар, концерттік афишалар, фотосуреттер мен естелік сыйлықтар ұсынылады.

Сонымен қатар, көрмеге Павлодардағы С.Торайғыров атындағы мемлекеттік университеттің мұражай кешенінің құрамындағы «Дос-Мұқасан» мұражайының құнды экспонаттары арнайы жеткізілді.



НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Алматылықтар қала күнін қалай атап өтеді?

Оңтүстік астанада Қала күніне орай 16–18 қыркүйек аралығында мерекелік іс-шаралар өтеді. Қала тұрғындары мен қонақтары концерттер, жәрмеңкелер, фестивальдар және т.б. көре алады.

Мерекелік іс-шаралар бір мезетте бірнеше жерде өтеді: Тұңғыш Президент саябағы, Абай алаңы, Панфилов және Жібек жолы көшелері, Абай атындағы ҚҰОБТ алдындағы алаңда, Астана алаңы және «Алматы Арена» мұз сарайында.

16 қыркүйек

• **15.00-де** «Алатау» дәстүрлі өнер театрында республикалық ақындар айтысы өтеді.

• **16.00-де** «Медеу» мұз айдынында «Medeu Party» халықаралық стрит-арт фестивалі өтеді.

17 қыркүйек

• **Сағат 17.00-де** «Астана» алаңында «Gakku дауысы» заманауи қазақ-стандық музыка фестивалі өтеді.

Қаланың барлық ауданында мерекелік концерттер өтеді

*Алатау ауданы: «Алатау» дәстүрлі өнер театры алдындағы аумақ;

*Алмалы ауданы: Mega Park COO аумағы;

*Әуезов ауданы: Family park аумағы;

*Бостандық ауданы: Mega Almaty;

*Жетісу ауданы: «Құлагер» ықшамауданының жаяу жүргіншілер аймағы;

*Медеу ауданы: Орталық мәдениет және демалыс саябағы;

*Наурызбай ауданы: Шұғыла көшесі, 347 мекенжайындағы әкімдік ғимаратының алды;

*Түркісіб ауданы: Сейфуллин атындағы саябақ.

• **17-18 қыркүйек, сағат 11.00-ден** бастап Абай атындағы ҚҰОБТ алдындағы алаңда (Жібек жолы және Панфилов көшелерінің қиылысы) 1940 жылдардан бастап қазіргі күнге дейінгі қаланың мәдени-тарихи дәуіріне арналған «Сүйемін сені, Алматы» фестивалі өтеді.

18 қыркүйек

• **11.00-де** Тұңғыш Президент саябағында «Алма fest» негізгі мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылады, соның аясында алма жәрмеңкесі, концерттік бағдарлама және көптеген іс-шара өтеді.

• **18.00-де** Almaty Arena мұз кешенінде «Salem Almaty» концерті өтеді.

• **19.00-де** «Астана» алаңында «Zhuldyzdy Live» концерті болады.

Гүлжанат МАРАТҚЫЗЫ.

БАЙҚАУ

Қала күні қарсаңында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының және «Алатау» дәстүрлі өнер театрының ұйымдастыруымен Жәнібек Кәрменов атындағы «Ән – Алматы» атты тұңғыш республикалық дәстүрлі әншілер байқауы өтті. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шыққан әншілер іріктеліп, әр өңірдің үздіктері қатысты.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Жас әншілерге әділ төрелігін айтқан қазылардың құрамында Жәнібек Кәрменовтің төл шәкірті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дүйсенбек Өмірәлиев, Мәдениет саласының үздігі Берік Омаров, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ұлжан Байбосынова және Мәдениет саласының үздігі Тілеулес Құрманғалиев болды.

«Әсем қала Алматының бөктерінде өткен жоба көңілімізден шықты. Қазақпен бірге оның дәстүрі де, әні де жыл сайын жана-рып келеді. Бұл қуантарлық жаңалық. Талантты жастарымыздың өнері өсе берсін. Әнді шырқап тұрып айтқанда тұла бойымыз қызып кетті. Бүгінгі кештен бойымызға рухани, ұлттық құндылықтарымызды сіңіріп

қайттық», – дейді қала тұрғыны Әсем Орынбекқызы.

Байқау тізгінін ұстаған дәстүрлі әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Рысқали да қатысушыларға сахна төрінде ерекше шабыт берді. Аталмыш байқаудың жеңімпазы Алматы қаласының намысын қорғаған Диас Мұратхан автокөлік иесі атанып, бас жүлдені қанжығасына байлады.

«Бүгінгі байқау көңілімізден шықты. Жеңіске жеткеніме әлі сене алмай отырмын. Жас болсақта, жеңіс төрінен көрінгеніме қуанып отырмын. Алдағы уақытта қазақ ән өнерін биік белестерден көрсете береміз. Қала күніне орай ұйымдастырылып жатқан шара-

лар тұрғындардың көңілінен шығады деген сенімдемін. Талантты жастарымыз көбейе берсін. Бізге қолдау білдіріп, қанат бітірген қала әкімдігіне, театр ұжымына алғысымды білдіремін», – дейді жоба жеңімпазы Диас Мұратхан.

Бірінші орынды жаңадан құрылған Абай облысының атынан келген Біржан Айтахметов иеленсе, екінші орынды Павлодар облысынан келген Дәуренбек Слямғали алды, үшінші орын Қарағанды қаласының намысын қорғаған Мөлдір Смайылға бұйырды. Байқау соңында Алматы қаласы Мәдениет басқармасының басшысы Ғани Майлыбаев сөз сөйлеп, бұл жобаның одан әрі жалғасын табатынын жеткізді.



МҰХТАР ӘУЕЗОВ – 125

Жылжымалы көрме



Суретті түсірген Самат Құсайынов.



Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ

М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінде «Мұхтар Әуезов және Ертіс-Баян өңірінің әдебиет және өнер қайраткерлері» атты жылжымалы көрме өтті. Аталмыш іс-шараны Павлодар облыстық Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музей қоры ұйымдастырды.

Көрмеде Павлодар облысының тумалары – Қазақстанның көрнекті әдебиет және өнер қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығына қатысты бірегей экспонаттар, материалдар мен фотоқұжаттар ұсынылды.

«Бүгін біз үшін өте ерекше күндердің бірі. Музейімізге сонау Павлодар қаласынан құнды экспонаттар келіп жетті. Көрме М.Әуезовтің 125 жылдығына орай өткізіліп отыр. Көрменің дәл біздің музейде қойылуы кездейсоқ жағдай деп айта алмаймын. Себебі, бұл үйде сонау бір жылдары белгілі тұлғалар, ақын, жазушылар, әншілер бас қосқан болатын. Олардың М.Әуезовке сыйға тартқан дүниелерін де музейден кездестіруге болады. Баянауылдан келген құнды заттарға көз салсаңыз, М.Әуезовпен байланысты дүниелерді көруге болады. Көрме жастарымызды тәрбиелік, танымдық қасиеттерге жетелейді деп сеніммен айта аламын», – дейді М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінің директоры Диар Қонаев.

Аталмыш көрмені ұйымдастырушылардың бірі М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты келушілерге ерекше алғысын білдіріп, іс-шараның жоғарғы деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты.

«Ұлт руханиятына өлшеусіз үлес қосқан азаматтарымыздың естеліктері мен қолжазбасын көріп қуанып отырмыз. Осы ретте Бұқар жырау атындағы әдебиет және өнер музей қорына алғысымды білдіремін. Өткен күннен өнге берер құндылықтар болашағымызға мәңгілік бағдар береді деген сенімдемін», – дейді М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының директоры Кенжетас Матыжанов.

Көрмеге ұлы ғұлама, ақын Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің Қазан қаласында 1907 жылы жарық көрген кітаптарының түпнұсқа құқығындағы толыққанды көшірмелері мен жеке бойтұмары қойылған. Сондай-ақ, қуғын-сүргінге ұшыраған жазушы Жүсіпбек Аймауытовтың «Қартқожа» романының түпнұсқасы, қалта сағаты, сызғышы, пышағы, пресспәпесі мен «Сюзане» кілемі әкелінген. Сонымен қатар, суырыпсалма ақын Иса Байзақов, қазақ ұлттық театрының тұңғыш директоры Жұмат Шанин, қазақ киносының негізін қалаушы Шәкен Айманов, әнші Кәукен Кенжетасов, жазушылар Қалижан Бекхожин, Мұзафар Әлімбаев, Қалмұқан Исабаев, Ахат Жақсыбаевтардың жеке заттары, құжаттары және т.б. қойылған.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Би театры: жаңа маусым



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Қазақстан Республикасының мемлекеттік академиялық би театры 55-маусымының ашылуына орай баспасөз конференциясын өткізді. Жиынға театр директорының орынбасары Елена Толмачева, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гульфида Гафурова, балет әртісі Айнұр Мұқашева, педагог Айжан Қырымбаева қатысып, журналистердің сұрақтарына жауап берді.

Баспасөз конференциясынан кейін театр көрермендеріне Ц.Пунидың музыкасына «Гудулла – Эсмеральданың анасы» және Ж.Бизе – Р.Щедринның музыкасына «Кармен-Сюита» балеті ұсынылды.

Балеттің сюжеті В.Гюгоның Нотр-Дам соборы романының желісінде негізделген. Болат Аюхановтың қойылымының сюжеті романнан хореографиялық оқылуы жағынан соңы шексіз бақытпен аяқталатынымен ерекшеленеді. Хореография, Пунидің жаңа жайлы әдемі музыкасы, жарқын кейіпкерлер, динамикалық сюжет, классикалық вариациялар, әртүрлі триолар мен кейіпкерлердің grand pas-тары театрдың негізін қалаушы Болат Аюхановтың туған күні қарсаңында балет мерекесіне орай ұйымдастырылды.

Қойылымда Аяя Мелис, Диар Акенев, Мадина Қасымов, Алажар Қарабалаев, Дана Жексенбі және Айым Садуақасова сынды балет әртістері өнер көрсетті.

Ж.Бизе – Р.Щедринның музыкасына, Б.Аюхановтың қойылымында «Кармен-Сюита» балетінде басты партияда Айнұр Мұқашева, Хозе – Еламан Тиыштықбай, Тореро – Алан Шакен, рок – Алия Курабаева.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

МҮШӘЙРА

АҚЫНДАР АЛМАТЫНЫ ЖЫРҒА ҚОСПАҚ

Қала күні мерекесіне орай қалалық Орталықтандырылған кітапхана жүйесі Қазақстан Жазушылар одағымен бірлесіп, «Көркем қала – Алматы» атты ақындар мүшәйрасын өткізеді.

Алматы қаласының әкімдігі, Алматы қаласы Мәдениет басқармасының қолдауымен өтетін мүшәйра жас ақындар шығармашылығын қолдау және әдебиетті дамыту мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Сөзден маржан терген ақындар сан ғасырлық тарихы бар, азаттықтың алтын бесігі болған Алматыны әсерлі поэтикалық түрде бейнелей отырып, оның өткені мен бүгінгі тыныс-тіршілігін және келешегін жырға қосады.

Жыр додасында өлеңнің көркемдігіне, тақырыпты ашуына, ой ұшқырлығына баса назар аударылады.

Жүлдегерлерді белгілі тұлғалардан құралған қазылар алқасы анықтайды. Жүзден жүйрік шыққандар ақшалай сыйлықтармен марапатталады.

Айта кеткен жөн, жыр сайысының ересі туралы толық ақпарат әлеуметтік желілер мен интернет-сайттарда жарияланады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Жол жөнделіп жатыр

Санн көшесінің Шығыс бөлігінде солтүстік бағытта жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне байланысты 15 қыркүйекте, сағат 06.00-ге дейін Абай даңғылынан Ұлықбек көшесіне дейінгі бөлігінде көлік жүрісі уақытша шектеледі. Ал Санн көшесінің Шығыс бөлігінде солтүстік бағытта Торайғыров көшесінен Жандосов көшесіне дейінгі бөлігінде көлік қозғалысы уақытша ішінара шектелетін болады.

Алматы қалалық Мобильділік басқармасының хабарлауынша, аталған жұмыстар орташа жол жөндеу жұмыстары аясында жоспарланған. Келтірілген қолайсыздықтар үшін кешірім өтініміз және жол жүру бағыттарыңызды алдын ала жоспарлауларыңызды сұраймыз.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».



ЖОЛДАУ-2022



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

МАҚСАТ АЙҚЫН

Азаматтық авиация академиясында Мемлекет басшысының «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы талқыланды.

Досбол
АТАЖАН

Алқалы жиынға Алматы мәслихатының өкілдері, Amanat партиясының Түркіб ауданындағы қызметкерлері және академия басшылығы мен студенттері қатысты.

Жиын барысында Президент Жолдауындағы басты мәселелер талқыланып, оны әр деңгейде орындаудың нақты іс-әрекеттері айтылды.

«Жолдаудың негізгі 5 бағыты бар. Олар: жаңа экономикалық саясат; нақты секторды дамыту; ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция; мемлекеттік бас-

қару ісін қайта жаңғырту; заң және тәртіп.

Президентіміз әлемдік геосаяси және экономикалық ахуалдарға мән бере отырып, тың шешімдер мен тапсырмалар берді. Елдегі экономиканы, бизнесті жүйелеуді, жер қойнауы мен су ресурстарын дұрыс пайдаланудың басқа да модельдерін жасауды және келешек ұрпаққа инвестициялауды, мемлекеттік қызметтің жұмысын күшейтуді, адам құқығын алға тарта келе заң үстемдігін жоғарылатуды тапсырды», – деді Amanat партиясы Түркіб аудандық филиалының атқарушы хатшысы Серікболсын Сарыбаев.

Спикерлер баяндамадан кейін студенттерді қызықтырған маңызды сұрақтарға жауап берді.

САН ЕМЕС, САПА ҚАЖЕТ

Қандай мемлекет болсын, оның халқының денсаулығы да сол елдің экономикалық-әлеуметтік дамуының көрсеткіші болады. Ендеше, «Бірінші байлық – денсаулық» деген сөз бекер айтылмаса керек.



көбеймек. Бұл қадамдар денсаулық саласына жаңа леп әкеледі деп сенгім келеді.

«Ұлттық қор – балаларға» атты мүлдем жаңа бағдарлама ашылады деді. Елең еттім. Аты, заты өзгеше екен. Одан да жақсылық күтемін. Себебі, Жаңа Қазақстанды жасайтын сол ұрпақ.

Қазіргі күні бағаның өсуі, азық-түліктің тапшылығы, жем-қорлық, ішкі, сыртқы саясаттағы беймаза ахуал көптің көңіліне алаң туғызып жүргені жасырын емес. Президентіміздің «елімізге болсын» деген адал ниетіне, жасампаз қадамдарына кедергі келтіріп, күйе жаккысы келетін кейбір топтардың әрекеттерін ақымақтық деп ойлаймын. Қаншама жұмыс істеліп жатса да, көргіміз келмейді. Мемлекет басшысы ешқашан мәңгілік Президент болмайтынын баса айтып, жеті жыл мерзімге ғана сайланғанын дұрыс деді. Келісемін. Мемлекет басында отырған кім-кім де жеті жыл ішінде елге лайықты президент, яғни ізбасарын тұрбиелеп, дайындап, халыққа ұсынатын да шығар. Оны алдағы уақытта көре жатармыз. Ал қазір Жолдауда айтылған қадау-қадау тапсырмалардың жүзеге асуына жалғыз Президент емес, біз де, халық, қоғам болып атсалысуымыз керек деп ойлаймын. Іске сәттілік тілеймін, ел аман, жұрт тыныш болсын!

Тұрарбек ТӨЛЕНДИЕВ,
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген дәрігері.

сапа қажет. Себебі, дәрігердің қолында адамзаттың тағдыры тұрады. Медициналық мекемелер сапалы да заманауи техникалық аспаптармен қамтамасыз етілуі де маңызды. Науқастарды ары-бері сандалтуды қою керек. Шалғай елдімекендерде ауруы асқынған, бірақ қалаға жетуге қаражаты жоқ ағайын қаншама! Тісі түскен, онкологиялық және тағы басқа да ауыр сырқатқа шалдыққан елжұрттың жайы мені де алаңдатады. Ауыл халқының денсаулығына аса көңіл бөлуді Президент өте дұрыс айтты. Мемлекет басшысы әр ауданда клиникалық ауруханалар салып, жабдықтауды, оларды білікті мамандармен қамтамасыз етуді тез арада қолға алуды тапсыруы өте құптарлық. Медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді ауруханалар және клиникалар ашылады деді. Алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант саны 70 пайызға

ТЫҢ СЕРПІЛІС БАР



Қазақстан халқының экономикалық жағынан өсіп-өркендеуі үшін басты бағыт болған маңызды құжат бүтінде ел арасында қызу талқыланып жатыр.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

«Қазақстан – біздің шаңырағымыз» азаматтық қозғалысы штабының мүшелері Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын талқылады.

«Бөріктің намысы бір» деген. Әлеуметтік-саяси және басқа да мәселелерді шешуге қатысып, маңызды құжатқа қатысты өз көзқарастарын білдіруге келгендердің басым бөлігі ер-азаматтар. 40-тан астам адам бас қосқан жиында Ауған соғысының ардагерлері де болды. Олардың сөздерінен елге, жерге деген сүйіспеншілікті байқадық.

– Халықтың өмір сүру деңгейі, елдің экономикалық жағдайы, Қазақстанның саяси өмірі секілді ел үшін маңызы зор мәселелер Жолдауда бес бағдарға бөлініп, ел назарына ұсынылды. Мемлекет басшысы маңызды құжатта көптеген тың

ойлар мен ұтымды ұсыныстар айтты. «Қазақстан – біздің шаңырағымыз» азаматтық қозғалысының мүшелері Жолдауда айтылған ұсыныстар мен пікірлерін қолдай отырып, Әділетті Қазақстан құруға өз үлесін қосқысы келеді. Қазақстанның шаңырағы астында «түрі бөлек тілегі бір, тілі бөлек жүрегі бір» түрлі ұлт өкілдері тұрады. Сол себепті, шаңырақ біз үшін киелі ұғым. Осы шаңырақ астында біз отбасын құрып, ұрпақ өсіріп жатырмыз. Біздің ұйымның атауы «Қазақстан – біздің шаңырағымыз» деп аталуының себебі де осыдан. Әділетті қоғам әділетті Қазақстан құру үшін бізге Жолдауда айтылған ұсыныстардың сөз жүзінде қалып қоймай, олардың орындалуын талап етуіміз керек. Біз Қазақстанды жаңа қырынан танығымыз келеді. Ол үшін тың серпіліс қажет. Елімізді мықты, құқықтық, гүлденген мемлекетке айналдыру үшін

еңбек ету әр азаматтың борышы, – дейді «Ауғанстан ардагерлері одағы» ҚБ төрағасы Мұрат Әбдішүкіров.

Елдің болашағы үшін адал қызмет етуді пір тұтатын бөріктілер Ұлттық қордан балаларға жәрдемақы беру, әр баланың есепшотына қаржы аудару, әйелдердің 61 жаста зейнетке шығуы, кадр мәселесі, әлеуметтік жағдай мәселелері толығымен қамтылғанын айтып, қолдау білдірді.

Айта кетейік, «Қазақстан – біздің шаңырағымыз» азаматтық қозғалысы қаңтар оқиғасы кезінде жұмыс істей бастаған. Оған Ауған соғысының және жергілікті әскери қатыгастардың ардагерлері, Черныбыль АЭС-індегі апатты жоюшылар, сондай-ақ қарапайым жана-шыр азаматтар мүше. Ауған соғысының ардагерлері волонтерлік топтарды ұйымдастыру және медициналық нысандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Офицерлер үйінде жедел штаб құрған. Олар қаңтардың қайғылы күндерінде Алматының жеті ауруханасын күзетіп, күн сайын 120–150 адам кезекшілікте тұрған.



Мейрамкүл ИСАЕВА,
PhD докторанты:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒДАР

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында «Жаңа Қазақстанды» құрудағы жүзеге асырылуы тиіс: жаңа экономикалық саясат, нақты секторды дамыту, ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция, мемлекеттік басқару ісін қайта жаңғырту, заң және тәртіп бағдарларын атап өтті. Ел дамуындағы бұл бағдарларды жүзеге асыру үшін қажетті механизмдердің де қалыптасуына жағдай жасау қажет екенін айтты.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы күзде кезектен тыс Президент сайлауын өткізуді ұсынды. Билікте монополизацияны болдырмау және ұсынылып отырған бір мерзіммен шектелген 7 жылдық Президент өкілеттігі аталған мерзімнің жоспарланған бағдарламаны атқару үшін мейлінше жеткілікті деп тануды ұсынды. Осы ұсыныс Парламент тарапынан оң шешім қабылданған жағдайда, биыл Президент сайлауы, келесі жылы Мәжіліс және мәслихат депутаттарының сайлауы жүзеге асатын болады.

Президент өкілеттілігінің 7 жылдық мерзімі көрші Орталық Азия мемлекеттері тәжірибесінде де кездеседі: Түркіменстан Республикасының президенттік өкілеттілік мерзімі 7 жыл, ал Өзбекстан Республикасының Конституциясында (2011 жылғы конституциялық өзгеріске дейін)

президенттік мерзім 7 жылдық болатын. Қазақстан Конституциясының 41-бабының 1-тармағында Қазақстан Республикасының Президенті бес жылдық мерзімге сайланатындығы, ал 42-баптың 5-тармағында «Бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды» деп көрсетілген. Осы Жолдаудағы Мемлекет басшысының Президент өкілеттілігінің екі реттік сайлаудан бір мерзімдік сайлауға ауыстыру ұсынысының негізгі себебі елдегі билікте қалыптасқан моделді жаңарту және билік ауысуына жағдай жасау болып табылады.

Мемлекет басшысы еліміздегі жүзеге асырылып жатқан реформалар қоғамның саяси және экономикалық жаңғыруына жол ашатынына және жаңа өзгерістердің қоғам игілігіне қызмет ететініне сенімін білдірді.



ТӘЙ-ТӘЙ, БАЛАҚАЙ!

ТҰСАУЫН ДӘРІГЕР КЕСТІ



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Алматы қаласының дәрігерлері туа салып операция үстеліне жатқызылған сәбидің тұсауын кесті.

Ерсайын деген балдырған анасының құрсағынан шыға сала екінші күні Алматыдағы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығында хирургтардың алдынан бір-ақ шыққан. Шарана – сирек кездесетін асқазан-ішек жолдарының туа біткен ақауымен, трахео-нештік жыланкөз деген диагнозбен туғандардың бірі. Мұндай патологиямен нәресте нәр тата алмайды. Сондықтан бөбек туа сала, перзент-

ханадан балалар хирургиясына ауыстырылған.

«Сол күні, сол сәтте-ақ баланы отаға дайындадық. Оған жаңа технология бойынша торакоскопиялық әдіспен өңештің тікелей анастомозы жасалды. 10 күннің ішінде бала біздің стационарда емделіп, үйге шығарылды. Сосын 1 жасына дейін біздің бақылауда болды. Қазір балаға 1 жас 2 ай. Аяғын қаз-қаз басқан кішкентай Ерсайынның тұсауын атасы мен әжесі маған кестіруге алып келіпті. Бұл – мен үшін үлкен мәртебе. Себебі, қазақ дәстүрінде баланың тұсауын кесуді ең қадірлі адамға тапсырған. Ата-анасы баласының болашақта дәрігер болғанын қалайды. Жыл сайын біз 5-6 балаға осындай қазақы рәсім жасаймыз», – дейді балалар хирургі, қабылдау бөлімінің меңгерушісі Мейірман Құрманалиев.

Хирургтар атап өткендей, мұндай күрделі ота Алматы қаласы Балалар жедел медициналық жәрдем көрсету орталығында 2013 жылдан бері жасалып келеді. Тоғыз жыл ішінде 60-қа жуық жаңа туған нәрестеге ота жасалған. Өткен жылдың өзінде неонатальды хирургтар 10 сәбиге ота жасапты.

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВ – 150

«Ахметтің 40 мысалы»



Ақтолықын
ТҰРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінде Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарын жатқа оқудан «Ахметтің 40 мысалы» атты байқау өтті.

Биыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шоқан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеушісі, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы кеңінен аталып өтіп жатыр. Осыған орай, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінде Ахмет Байтұрсынұлының мысалдарын жатқа оқудан байқау өтті.

Іс-шараның бірінші бөлігінде қатысушылар өздерін қысқаша таныстырып, екінші бөлігінде мысалды мәнерлеп жатқа оқыды. Олардың артистік қабілетіне, патриоттық рух, сезім, эмоцияларына, музыкалық сүйемелдеуге, сахна киіміне, мәдениетіне жіті назар аударылды.

Нәтижесінде бас жүлдені №6 МӨСБ өрт сөндіруші-құтқарушысы, азаматтық қорғау кіші сержанты Ернар Дүйсенғали; бірінші орынды №17 ӨСБ өрт сөндіруші-құтқарушысы,



азаматтық қорғау кіші сержанты Азамат Мұқтар; екінші орынды №6 МӨСБ аға өрт сөндіруші-құтқарушысы, азаматтық қорғау сержанты Еркебұлан Бектібай; үшінші орынды ҚКЖБО аға инженері, азаматтық қорғау капитаны Ержан Ахтамбек иеленді.

Жеңімпаздар Алматы қаласы ТЖД бастығының құрмет грамоталары мен бағалы сыйлықтарға ие болды.

БАСПАНА

Студенттерге қамқорлық



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматыда жатақхана мәселесі әлі де өзекті екені белгілі. Қазір қаланың қай бұрышына барсаңыз да, арзан пәтер, арзан бөлме іздеген жастарды кездестіресіз. Жалпы, бұл мәселе жыл сайын қайталанатын, әбден қара күз түскенше тұрақтала қоймайды. Содан да болар, мұндай тығырықтан шығуға жаны жомарт жандар да сырт қалмай, көмек көрсетіп, қала көшелерінде пәтер іздеген жастарды қанатының астына алып, қамқорлық танытып жатқан қайырымды жандардың бар екеніне еріксіз сүйінесіз.

Алматының байырғы тұрғыны Аида Боқаеваның үш бөлмелі пәтерінде Алматыдағы жоғары оқу орындарының 12 студенті тегіннен-тегін тұрып жатыр. Еліміздің алыс өңірлерінен келген, көпбалалы отбасынан шыққан жастар бір-бірімен тез тіл табысып, бір үйдің баласындай, бес сау-сактың саласындай ұйысып алған. Дәл қазір бұл жастардың бар ойы – бағдарламадан қалып кетпей, сабаққа үлгеру, оқып-үйрену ғана.

– Үйім нағыз жатақханаға айналды. Көшеде пәтер іздеп жүрген балаларды көргенде қол құсырып қарап отыра алмадым. Үйімді паналатып жатқан жайым бар. Үйімдегі балалардың дені көпбалалы отбасынан шыққан. Олардың бірінің әкесі, бірінің шешесі ғана жұмыс жасайды. Барар жері, басар тауы жоқ балаларды далада қалдырмаймыз ғой. Көбіне қиындыққа шыдай алмаған студенттер оқудан шығып, жаман жолға түсіп кетіп жатады. Сондықтан енді өмірге қадам басып жатқан жастарымызға қолдау жасап, көмектескен жөн деп шештім, – дейді Аида Боқаева.

МӘМС: СҰРАҚ-ЖАУАП

Бір жылға сақтандыру тәртібі қандай?

Биылғы қыркүйектен бастап міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды сақтандыру тәртібі өзгерді. Бұдан былай аталған санаттағы тұрғындар алдағы 12 айға жарна төлеп сақтандыру жүйесіне қосылуға мүмкіндік алды. Мәселен, МӘМС пакетіндегі қызметтерді пайдалану үшін пациент осы жылдың қыркүйек айынан бастап 2023 жылдың қыркүйегіне дейін жарна аудара алады. Жалпы, жаңа механизм қалай жұмыс істейді? Бір жылға сақтандыру статусына ие болу үшін қанша уақыт кетеді? Жаңа тәртіпке қатысты сауалдарға МСҚ Алматы филиалы өкілдері жауап берді.

• Мен кейінгі 12 ай бойы МӘМС жарнасын ай сайын төлеп келемін. Енді алдағы 12 ай үшін де төлеуім қажет пе? Әлде, ары қарай да айма-ай төлей берсем бола ма?

– Жарнаны әр адам өз қалауынша төлей алады. Егер уақтылы төлеп жүрген болсаңыз, бұрынғыша ай сайын аудар берсеңіз болады. Сондай-ақ, әр тоқсанға немесе бір жылға алдын ала төлеуге де мүмкіндік бар.

• Бұрын-соңды жарна төлемеген едім. Осы мүмкіндікті пайдаланып бір жылға сақтандырылуға бола ма, әлде, өткен айлардың қарызын да өтеуім қажет пе?

– Бұл өзгеріс азаматтардың жүйеге қосылуына мүмкіндік беру мақсатында енгізіліп отыр. Сіз ағымдағы ай мен алдағы 12 айдың жарнасын қоса төлеген жағдайда 3 күннен кейін сақтандыру статусына ие боласыз.

• Жарнаны ара-арасында төлеп жүрдім. «Сақтандырылған» статусына ие болу үшін жарна төленбеген айларға қордаланған қарызды өтеуім қажет пе? Әлде, бірден 12 айға жарна төлеуім керек пе?

– Сіз жарна аударылмай қалған айлардың қарызын өтесеңіз, сақтандыру жүйесіне қосыласыз. Төленетін қарыз мерзімі 12 айдан аспауы тиіс. Немесе алдағы бір жылға төлесеңіз де болады.

• Алдағы бір жылға жарна төлеп сақтандырылдым.



Одан кейін жарна аудармасам статусымнан айырылып қалам ба?

– Бірыңғай жиынтық төлем төлеушілерден басқа санаттардың статусы соңғы жасалған жарнадан кейін 3 ай бойы сақталады. Бірақ бұл жарна төлеу міндетінен босатпайды. Үш айдан кейін өткен айлардың қарызы жабылмаса, сақтандыру статусы жойылады.

• Сақтандыру жарнасы ең төменгі жалақы (ЕТЖ) мен айлық есептік көрсеткішке (АЕК) байланысты өзгеріп отырады. Келесі жылы Қазақстанда ЕТЖ 70 мың теңгеге өседі деп хабарланды. Ендеше, өзін-өзі сақтандыратындар төлейтін жарна мөлшері де өзгере ме? Келер жылдың жарнасы қандай болмақ?

– Жарна мөлшері әдетте 1 қаңтарда (белгілі бір қаржылық жылдағы мөлшер бойынша) белгіленеді. Қазіргі таңда өзін-өзі сақтандырушылар ЕТЖ-ның 5 процентін төлейді (60 мың теңгенің 5% – 3000 тг). Яғни келесі жылдың жарнасын биыл төлейтін болсаңыз, жарна қолданыстағы мөлшер бойынша есептеледі. Мәселен, 2021 жылдың қарызын өтеу үшін 2125 теңге төлейсіз. Себебі, өткен жылы ЕТЖ 42500 теңге болатын, оның 5%-ы 2125 теңге болатын.

• Мен бір жылға жарна төлеп сақтандыру жүйесіне

қосылдым делік. Содан кейін жеңілдігі бар санатқа енетін болсам, төленген соманы қайтарып алуға бола ма?

– Жаңа талап бойынша, бір жылға алдын ала төленген төлемдер қайтарылмайды. Жалпы, сақтандыру жүйесінде артық немесе қате төленген төлемдерді қайтарып алуға болады. Ол үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КеАҚ-на барып өтініш жазу қажет (Алматы қаласындағы мекенжайы: Жандосов көшесі 51, Әуезов аудандық ХҚКО, 2-қабат, 3-кабинет).

• Бұған дейін жеңілдік санатында болдым. Алдағы бір жылдың жарнасын төлеуім қажет пе? Әлде, айма-ай төлей берсем бола ма?

– Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заң бойынша, Қазақстанның барлық азаматтары және ықтиярхаты бар шетелдіктер жарна төлеуге міндеттелген. Бірақ жарна төлеу тәсілін әр адам өз қалауынша таңдайды. Статустан айырылып қалмас үшін жеңілдік санатынан шыққан айдан бастап жарна төлей бастасаңыз жеткілікті.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

МӘМС жүйесіндегі статусты телеграм арнасындағы Сақтандыру бот (<https://t.me/SaqtanduryBot>) арқылы, фмс.кз сайты мен Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы арқылы анықтауға болады. Төлем туралы ресми құжатты электронды үкімет порталы eGov.kz береді.

Жарнаны бірден 12 айға төлеген кезде әр айға бөліп төлеу қажет. Сонымен қатар, ЖСН, төлем жасалатын ай мен жылды қатесіз көрсету маңызды. Қателесіп бір айға бірнеше рет төлеп қойсаңыз немесе ЖСН дұрыс көрсетілмеген жағдайда ақшаны қайтару үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына арыз жазу қажет. Жарнаны екінші деңгейлі банктер, банктердің мобильді қосымшалары, терминалдар немесе «Қаз-пошта» АҚ арқылы төлеуге болады.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



ЖОЛДАУ – 2022

Білімді ұрпақ – ұлт болашағы



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Amanat партиясының Алматы қалалық филиалы жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері, Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі екі қоғамдық кеңес мүшелерінің бірлескен отырысында Жолдауда айтылған мақсат-міндеттер талқыланды.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Zoom-форматта өткен жиынның тізгінін ұстаған Amanat партиясының Алматы қалалық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Қ.Бисембаев Мемлекет басшысының халыққа Жолдауын Әділетті Қазақстан құру жолындағы тағы бір үлкен қадам болғанын атап өтті.

– Президент «Қазақстанның ең басты байлығы – алтыны, мұнайы, газы ғана емес, жаңарған өмірге сай жаңа сападағы білімді, еңбекқор халқы» деді. Осы бағытта балаларды балабақшамен қамту мәселесі түпкілікті шешілуі шарт. Әйтпесе, бүгінде 2–6 жастағы балалардың тек жартысынан астамы балабақшаға барады. Тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесі артып, жалақысы көбейеді. 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасалады. Нәтижесінде апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесі толық шешілетін, – деді Қ.Бисембаев.

Amanat жанындағы Білім беру және денсаулық сақтау мәселелері жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы Б.Садықов Жолдаудағы медицинада болатын тың өзгерістерге тоқталды.

– Ауыл медицинасына айтарлықтай көңіл бөлінгені отыр. Келер жылдан бастап ауыл тұрғындарының сұранысын қанағаттандыруға арналған ұлттық жоба жүзеге аспақ. Екі жылда еліміздегі 650 елді мекенде медициналық және фельдшерлік-акушерлік бөлімшелер салынып, қажетті құрал-жабдықпен толық қамтамасыз етіледі. Осылайша мемлекет бір миллионнан астам адамның алғашқы медициналық-санитарлық көмек алуына мүмкіндік жасайды. Аудандық ауруханалардың мәртебесі көпбейінді медициналық мекеме дәрежесіне көтеріледі. Нәтижесінде ауылдағы ағайын алыстағы қалаға сабылып жүрмейді, өз жерінде сапалы дәрігерлік көмек алатын болады. Соған орай, медициналық кадр мәселесі де көңіл бөлінбек, – деді Б.Садықов.

Ал Отбасы және халықты әлеуметтік қорғау қоғамдық кеңесінің төрағасы Р.Шимашева әлеуметтік мәселелердің ішінде қа-

лық бұқараның дәл бүгінгі сұранысын дөп басқан «Отбасының цифрлық картасы» жобасының артықшылықтарына тоқталды.

– Мәселен, күнкөрісі төмен отбасы мемлекет тарапынан берілетін атаулы әлеуметтік көмекті алу үшін бірнеше құжат тапсыруы керек. Ол үшін олар талай табалдырықты тоздырып, талай есікті ашады. Себебі, бізде сол анықтамаларды беретін құзырлы мекемелермен интеграция, яғни байланыс жоқ. Баласының мектепте оқитынын анықтайтын қағазды алу үшін білім мекемесіне, студент екенін нақтылау үшін жоғары оқу орнына, жұбайымен заңды некеде екенін дәлелдеу үшін АХАТ бөлімдеріне сабылуына тура келеді. Ал мынау «Отбасылық цифрлық карта» арқылы енді әр отбасы тиісті төлемдерді өтініш бермей-ақ, түрлі кабинеттердің табалдырығын тоздырмай-ақ, автоматты түрде ала алады. Бұл мұқтаж отбасыларды дер кезінде анықтауға мүмкіндік береді. Цифрлық карта арқылы әр отбасындағы адам санын, әрбір мүшесіне шаққандағы орташа табысын, жұмысқа жарамсыз жандардың бар-жоғын, баспана, денсаулық жағдайын анықтауға болады. Бұл бүгінгі күні өңірдің және тұтастай елдің әлеуметтік портретін қалыптастыруға жол ашақ, – деді Р.Шимашева.

Amanat жанындағы екі кеңестің басқа да мүшелері ой-пікірлерін ортаға салып, Жолдауда айтылған идеяларды халық арасына кеңінен жеткізу жолында және осы айтылғандардың сапалы орындалуы үшін жұмылайық деді.

Студенттердің жатақханадан орын алу мәселесі биылғы жылы да өзектілігін жойған жоқ. Дәл қазір Алматыда әлі 500 студентке орын қажет екенін Ғылым және жоғары білім вице-министрі Талғат Ешенқұлов мәлім етіп отыр.

Жастарға жатақхана керек!

Рая
ЕСКЕНДІР

– Бүгінгі таңдағы өте өзекті сұрақ көтеріліп тұр. «Далада қалған студент», деген сөзді қолданудан аулақ болсақ. Өйткені, осы мәселемен біздің әріптестеріміз рейд құрып, жағдайды анықтады. Оның нәтижесінде далада қонып жатқан бірде-бір студент жолыққан жоқ. Дегенмен, мұндай мәселе жоқ деп айта алмаймыз. Мәселен, бүгінгі таңда Алматыдағы 181 мыңнан астам студенттің 121 761-і басқа өңірлерден келген. Қазір олардың 36 мыңнан астамы жатақханаға орналастырылды. Қалған 37 мың студент хостелдер мен пәтерлерге орналасып, 47 мың бала өздерінің туыстары мен таныстарының үйінде тұрып жатыр. Бұл – нақты мәлімет. Барлығын қоса келгенде, 121 261 студент орналастырылған. Сонымен қатар, әлі де 500 студент қазіргі уақытта ешқайда орналастырылған жоқ», – деді вице-министр.

Қазіргі кезде Алматыдағы оқу орындары өз студенттерін орналастыру бойынша хостелдер және жеке пәтер иелерімен келісім-шарттар жасап, берілетін орындардың бағасы 20–25 мың теңгеден аспауы керек деп келісілді.

ЖАҢА МАМАН

ПЕДАГОГ-АССИСТЕНТТЕР

даму ерекшеліктері бар оқушыларға көмек көрсетеді




Биылғы оқу жылының басынан бастап, еліміздің мектептерінде 1500-ге жуық педагог-ассистент жұмысқа кірісті. Олар даму ерекшеліктері бар оқушылардың мектепке бейімделуіне көмектеседі.

Быттыр да 700 педагог ерекше балалармен жұмыс істеуде маңызды рөл атқарған еді. Олардың басты мақсаты – ерекше балаларды бағыттап, ортаға бейімделулеріне көмектесу.

Сонымен қатар, ерекше қажеттіліктері бар балалар өздігінен қозғала алмаса, педагог-ассистенттер техникалық қолдау да көрсете алады. Бұған қоса, егер балаға дефектологтың көмегі қажет болса, педагогикалық қолдау көрсетіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысады. Олардың тағы бір міндеті – мектеп қабырғасында ерекше балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығына қажетті жағдайлардың сақталуын да қадағалайды. Алдағы уақытта мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында да педагог-ассистент лауазымы енгізілетін болады.

ОНЛАЙН КУРС



Қандастар қазақша үйренеді

Шетелде жүрген қандастарымыздың өз ана тілін ұмытпауы үшін қазақ тілін тегін үйретін онлайн-курстар өз жұмыстарын бастады.

Бұл игілікті істі «Отандастар қоры» ұйымдастырып отыр. Курсқа қатысқысы келетіндер Otandastar Qory Telegram арнасындағы сілтемеге өтіп, қолайлы тілде деңгейлік тест тапсыру керек.

РЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ.



● АСАНБАЙ АСҚАРОВ – 100!

АЛАШТЫҢ АЛЫП ТҰЛҒАСЫ

Халқына адал қызмет еткен азаматтың өмірі мен еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге

Қазақ елінің елдігін көксеген, ұлттың болашағы үшін еңбек еткен ұлы тұлғаларымыздың бірі – Асанбай Асқаров. Осыдан бір ғасыр бұрын қасиетті Әулиеата жерінде, Меркінің Тәтті ауылында дүниеге келген мемлекет және қоғам қайраткері Асанбай Асқарұлы жайлы талай естеліктер мен зерттеулер жазылды, әлі де жазыла береді. Халқына адал қызмет еткен азаматтың өмірі мен еңбек жолы кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

Асанбай Асқаров – қоғам қайраткері ғана емес, көрнекі ғалым, жазушы, акын, философ, тарихшы. Жаратқанның берген ізгі қасиеттерінің бәрі өн-бойына дарыған біртуар тұлға еңбекке ерте араласқан. Ол 17 жасынан бастап ауыл мектебінде мұғалім болды. 1942–1946 жылдары әскер қатарына шақырылып, Ұлы Отан соғысы жылдары әскери-саяси ұйымдастырушылық қызметтер атқарып, жауынгерлерді баптады. Соғыстан кейінгі жылдары елге оралып, саяси-идеологиялық жұмыстармен айналысты. Асанбай Асқарұлы өзінің басқару, ұйымдастырушылық қасиеттерінің арқасында жастайынан лауазымды қызметтерді атқарды. Асекең еңбек еткен өңірлердің бәрі ерекше түрленіп, жаңарып, жайнап кететін.

ЕҢБЕГІ ЕЛ ЕСІНДЕ

Өзінің туған өлкесінде А.Асқаров аудандық партия комитетінің нұсқаушысы, аудандық, облыстық комсомол комитеттерінің хатшысы болды. Жамбыл облысының Красногор және Меркі аудандарында партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарды. Ол небәрі 36 жасында Жамбыл облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағасы, кейін осы облыстың партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Жас маман облыстың экономикасын, мәдениетін дамытуға орасан зор еңбек



сіңірді. Мұнда ірі өндіріс орындары бой көтерді, ғылыми-зерттеу орталықтары, мәдениет ошақтары ашылды. Жамбыл қаласы өсіп-өнген, гүлденген қалаға айналды. Халықтың мәдениеті мен тұрмысы жақсарды. 1965–1978 жылдары Алматы облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Асанбай Асқаров осы өңірдің ғылыми-техникалық, мәдени-әлеуметтік, экономикалық әлеуетін биік деңгейге көтерді. Балқаш өңіріндегі Ақдала алқаптары күріш өсіретін асыл аймаққа айналды. Қарадала, Шенгелді, Күртіндегі Бозай аймақтары суландырылып, молшылық, береке мекеніне айналды. Бүкіл Жетісу өңірі гүлденіп, Алматы көркейе түсті. Жаңа ірі өндіріс орындары ашылып, ықшамаудандар құрылды. Көптеген сәулетті ескерткіштер мен алып ғимараттар соғылып, көшелері сән түзеді. 1978–1985 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысын басқарып, оны жандандырып, гүлдендіріп, көркейтіп кетті. Жоспардағы нысандарды

былай қойғанда, оған қоса, Даңқ мемориалы, балалар теміржолы, ипподром, зоопарк, дендропарк сияқты халыққа қызмет ететін нысандарды іске қосты. Облыс тұрғындары Асекеңнің оңтүстік өңіріне сіңірген ерен еңбегін әлі күнге аңыз етіп айтып жүреді.

СЫНАҚҚА СЫНБАҒАН АСҚАРОВ

Кеңес заманында елім деген азаматтарды аяқтан шалу, бөле жабу секілді небір қитұрқы әрекеттердің болғаны рас. Сол заманда Асанбай Асқаровты да қаралап, нақақтан қаматқандар болды. Солақай саясаттың салдарынан зейнет жасындағы Асекең Желтоқсан оқиғасын ұйымдастыруға қатысты деген айып тағылды. Жала-қорлар оған «шовинист», «ұлтшыл» деп те күйе жақты. Осындай басына іс түскен кезде де Асекең өзіне тән байыптылықпен, даналықпен әрекет етті. Ол барлық қиындыққа қасқайып қарсы тұрып, өзінің мықтылығын, адалдығын дәлелдей білді.

Асанбай Асқаров өзінің басынан өткен осы бір ауыр күндер туралы былай жазған болатын:

«Аңқау бола бермеңіз, сіз кінәлі болмасаңыз да біз сізді ататын дәрежеге жеткіземіз. Сіз - біреусіз, ал біз тергеушілер – қырықпыз. Егер 37 жыл болғанда, сізді баяғыда атып жіберетін еді. Бізге алғыс айтыңыз, біз созып, сізге кінәңізді мойныңызға алуыңызға мүмкіндік беріп жүрміз. Сіз кінәлі емес екеніңізді немен дәлелдейсіз? Ал біз дәлелдейміз. Сіз бізге жеуге берілген бір жапырақ етсіз» деген болатын. Тергеушінің осы сөздері үстінде мен өзімді-өзім әзер ұстадым. Бірақ қатты ұрысып қалдық». («Тағдыр», «Елнұр» баспасы, Алматы 2007 ж. 286 б.)

«Алдын ала жүргізілген тергеулер барысында да, сот мәжілісінде де қанша жерден қорқытып-үркіткенімен, әзәзілдік жасағанымен, өз басымды, намысымды қорлағанымен, ешқандай кінә, айыпты мойындаған жоқпын. Тергеу көпе-көрнеу заңға қайшы жағдайда жүргізілді», – деп еске алатын сол күндер жайлы естелігінде.

Ары мен намысын бәрінен жоғары қойған азамат адалдық пен әділдік үшін қандай азапқа да төзе білді. Ол рухының биіктігінің арқасында тар қапастан аман шықты. Өйткені, «аққа Құдай жақ» демекші, елім дейтін ер үшін араша түсушілер де көп еді.

Академик Көпжасар Нәрібаев жазғандай, бүкіл елі боп, бүкіл жұрты боп «Асқаровты құтқару комитетін» құрып, қоғамдық адвокаттар көмекке келіп, оның ішінде орысы, еврейі, қазағы, өзбегі бар, бәрі Асекең үшін аянбай қызмет етті. Жамбылдың, Алматының, Шымкенттің ел ақсақалдары бастаған топ күн сайын ағылып Бішкекке кеп, сотына қатынасып, рухани қолдау жасап отырды. Жалпы, Асқаровтың ісін әділ қарау керек деп тілек білдірген 20 мыңнан астам өтініш түсіпті. Олардың ішінде 43 депутаттың, атақты жазушылардың, белгілі қайраткерлердің тілектері бар. Сөйтіп, Асекеңнің нағыз халықтың ұлы екенін дәлелдеді.

Лауазымды қызмет атқарған кезінде Асанбай Асқаровтың көмекшісі болған Исмағұл Тұрсынқұлов деген азамат Асекеңнің басына іс түскен жылдар туралы былай деп еске алады:

«Абақтыда жатқан кезінде де Асанбай ағаның үйіндегі Фатима апаймен хабарласып тұратынмын. Ағаның тұрмеден жазған хаттарын оқып таңқалатынмын. Фатима апайды жігерлендіріп, жұбатып жазатын. «Түбінде бәрібір мен ақталамын, бала-шағаға бас-көз бол, солар жаман жолға түспесін» деген қамқорлыққа толы хаттары Асқаров әулетіне ғана емес, барлығымызға жігер, күш бергені рас. Түрмеде де неше түрлі қылмыскер, баскесерлермен бір торда жатып, оларға руханият, әдебиет, тарих, өнер турасындағы ойларын айтып отырады екен. Пушкин, Есенин, Абайдың өлеңдерін жатқа оқып беріп, оларды таңқалдырғанын кейін өзі күліп еске алатын-ды. «Абақты абыройымды көтерді» дейтін қалжыңдап».

Болат КӨМЕКОВ,
тарихшы-ғалым:

АСЕКЕҢНІҢ БАТЫЛДЫҒЫН БАҒАЛАЙМЫН

Асекеңмен араласып, жақын танығаным үшін өзімді бақытты адам санаймын. Ол кісі ауыл шаруашылығы саласының маманы болса да, кәсіби тарихшының біліміне ие, өте дарынды адам еді. Есте сақтау жады керемет еді, оқыған кітабын, ешкімді, ешнәрсені ұмытпайтын. Тарихшы ретінде әрбір тұлғаның ерекшелігін байқап, тарихи үрдістерге көңіл бөліп, әріптестерінің пікірін де назарға алып отыратын. 1998 жылы Асекең маған өзінің тарихи тақырыпта жазған қолжазбасын қарап шығуға берді. Сол қолжазбада VI ғасырдан басталған әңгімені Қонаевтың дәуіріне дейін қамтыпты. Белгілі тарихшы Мәмбет Қойгелдиев екеуміз оқып шығып, дән риза болдық. Сонымен, 1998 жылы «Ұлы Тұранның ұлдары» деген еңбегі екі тілде жарық көрді. Бұрын тарихшылар қауымы осы бір өзекті Тұран тақырыбына бара алмайтынбыз. Ал Асекең батылдық жасап, бізге жол көрсетті. Түбіміздің түркі екенін айтып, түрік бірлігі туралы айтуға жүрексінетін заманда Асекең керемет дүние жазып шықты. Кітаптың тұсаукесерін тамаша өткіздік. Бұл еңбекте ел мен жердің тағдырын ойлаған, бостандықты дәріптеген, халықты руханиятқа жетелейтін, тазалықты іздейтін 70 тұлға қамтылған. Қазіргі біздің қоғамға жетпей жатқан қасиеттердің бәрі осы еңбекте дәріптеледі. Осындай кітаптар әрбір шаңырақтың төрінен орын алуы керек.

Бауыржан ЖАҚЫП, акын:

АҚЫНДЫҚ ТАБИҒАТЫ БӨЛЕК ЖАН ЕДІ...

Аса көрнекті мемлекет қайраткері Асанбай Асқаров шаңырағы шайқалмаған, жазиралы жері бар Меркі топырағында туған. Тәтті ауылының еңбектеген жасынан еңкейген кәрісіне дейін бұл жерде Асанбай Асқаров дүниеге келген деп мақтан тұтады. Асекеңді тек өзінің туған жері ғана емес, күллі қазақ елі төбесіне көтеріп құрметтейді. Асанбай Асқарұлы барлығы 11 кітаптың авторы. Өз тағдырынан, өмірінен жазған деректі шығармалары бар. Солардың ішінде «Жұмақ пен тозақ жырлары» атты жыр жинағының орны ерекше. Нақақтан тар қапаса қамалған кезде акын:

«Мұнысы несі, мұнысы,
Дұрысы қайсы, дұрысы.
Тоқтады неге күллі ісім,
Өзгерді неге жүрісім.
Тар қапаста ауасы аз
Тарылды әбден тынысым.
Құдай басқа бермесін,
Көрген күнім құрысын», –

деген жыр шумақтары арқылы өзінің ішкі күйін жеткізген.

Қазақ халқына адал еңбек етіп, теміржолдар, зәулім ғимараттар мен тұтас мәдени-спорт кешендерін қазақтың игілігі үшін салдыруға мұрындық болған қайраткер жабылған жаладан түрмеге түскен кезінде елін-жерін сағынып, жүрегінен жыр моншақтары төгілді.

Сағындым сары даламды,
Сағындым саумал, самалды,
Сағындым Алатауымды,
Алматым, әсем қаламды.
Көк тіреген шыңыңды,
Жұпар атқан гүліңді,
Салқын шәрбат суыңды,
Қызығы мол шуыңды... –

деп жазған өлеңдері Асекеңнің шынайы ақындық табиғатын байқатады. Асанбай Асқаровтың жарына, дос-жарандарына, ұрпақтарына арнап жазған жырлары жүректерді тебірентпей қоймайды.

Қазақ халқы Асекеңді аса көрнекті қайраткер, айбарлы басшы, ғұлама ғалым, дарынды жазушы, азулы ақын, елінің ұлы перзенті ретінде есінде мәңгі сақтайды. Асекеңнің көзі тірісінде-ақ аты аңызға айналды, халқының адал бағасын алып, құрметке бөленген. Алаштың алыбы, қазақтың арысы, ұлттың намысы, елдің ары мен абыройы болған азаматтың тұлғасы жылдар өтсе де көмескіленбейді, қайта биіктей бермек.

Әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



УСТЕЛ ТЕННИСИ

Алматыда ракетка шеберлері жиналды

Шаһарымызда үстел теннисінен WTT CONTENDER ALMATY халықаралық турнирі басталды

Оған әлемнің 28 елінен 140 атлет қатысуда. Қазақстан алғаш рет жүлде қоры 75 мың долларды құрайтын Contender сериясының әлемдік деңгейдегі турнирін өткізуде.



«Қазақстан Үстел теннисі федерациясы Халықаралық федерация қамқорлығымен беделді турнирлерді ұйымдастыру бойынша ұзақ мерзімді ниеттері туралы мәлімдеген болатын. Бұл біздің еліміздегі үстел теннисі бойынша алғашқы халықаралық шара емес. 2017 жылы Нұр-Сұлтан қаласында әлемнің ең мықты спортшыларының қатысуымен «ITTF World Tour Grand Finals» халықаралық турнирі өткізілген болатын. Өткен жылы біз «ITTF International Kazakhstan Open» халықаралық турнирін өткіздік, онда біздің спортшылар өздерін жақсы көрсетті. Бұл турнир қазақстандық спортшыларға өз аумағында беделді халықаралық турнирге қатысуға бірегей мүмкіндік береді. Біз Халықаралық федерация көрсеткен сенімді жоғары бағалаймыз және бұл турнирді жыл сайын өткізуді жоспарлап отырмыз», – деді Ұлттық Үстел теннисі федерациясының президенті Данияр Әбілғазин.

Турнирге әлемдік үстел теннисінің атақты жұлдыздары, оның ішінде Олимпиада ойындарының бірнеше дүркін жүлдегері және Әлем Кубогының жеңімпазы Дмитрий Овчаров (Германия), Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Линь Юньжу (Қытайдың Тайбэйі), Әлем чемпионатының күміс жүлдегері Маттиас Фальк (Швеция), Еуропа чемпионы, Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Данг Цю (Германия), Әлем

чемпионатының қола жүлдегері Ан Джэ-хён (Оңтүстік Корея) және басқа да даңқты спортшылар қатысып жатыр.

Сондай-ақ, «ADD» Алматы үстел теннисі орталығында өтетін «WTT Contender Almaty» турнирінде 10 шетелдік, 10 қазақстандық төрешілер қызмет көрсететін болады, олардың ішінде әлемде үшінші және Азия құрлығынан жалғыз «Gold Badge» иегері, яғни ең жоғары төреші санаты бар Үндістаннан келген тәжірибелі Випин Мехра қазылық етеді. Мұндай деңгейдегі спорттық төрешілерден әлемдік тізілімде барлығы 8 адам ғана бар.

ITTF және WTT ережелеріне сәйкес, аталған турнирде Қазақстанның атынан 11 ер спортшы және 11 әйел спортшы қатысуда, олардың ішінде құраманың көшбасшысы, Рио–2016, Токио–2020 Олимпиада ойындарының қатысушысы және көптеген халықаралық турнирлердің жеңімпазы Кирилл Герасименко, сондай-ақ халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегері, жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатының қола жүлдегері Алан Құрманғалиев бар.

Жарыстың алғашқы күні 15 қазақстандық спортшы сынға түсіп, оның 9-ы іріктеу кезеңінен өтті.

Айта кеткен жөн, турнирді Qazsport телеарнасы мен ITTF халықаралық федерациясының ресми сайты тікелей эфирде көрсетеді.

ТЕННИС

Дэвис кубогы басталды

Шотландияның Глазго қаласында Дэвис кубогының топтық бәсекесі басталып, Қазақстан құрамасы Нидерландымен кездесті.

Дэвис Кубогының D тобындағы алғашқы ойындары өтті. Қазақстан–Нидерланды құрамаларының теннисшілері алдымен жеке-кей сынға түсіп, одан кейін жұптық сайыста бақ сынады.

Бірінші кездесуде қазақстандық теннисші Михаил Кукушкин (221 АТР) әлемнің 48-ракеткасы Нидерландтық Талон Грикспурға есе жіберді. 30 минутқа созылған алғашқы партия нидерландтық спортшының пайдасына 6:1 есебімен аяқталды. Екінші партияда Михаил басым түсті – 6:3. Шешуші үшінші партияда кездесудің нәтижесін Грикспур жүзеге асырған бір брейк шешті. Ол ойын нәтижесінде 6:1, 3:6, 6:3 есебімен жеңіске жетіп, өз құрамасына алғашқы ұпай сыйлады.

Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик (44 АТМӨ) Нидерланд құрамасына қарсы командалық әлем чемпионатының екінші кездесуінде Ботик ван де Зандшуптан (35 АТМӨ) айласын асыра алмады – 6:3, 1:6, 4:6.


Қазақстан мен Нидерланд құрамалары арасындағы шешуші үшінші ойынында Александр Бублик пен Александр Недовесов жұбы Матве Мидделкоп (жұп бойынша әлемнің 24-ракеткасы) және Весли Колхофа (жұп бойынша әлемнің 4-ракеткасы) дуэтин 6:4, 1:6, 6:3 есебімен жеңді. Үш ойын нәтижесінде Нидерланд командасы 2:1 есебімен жеңіске жетіп, D тобында көш бастады.

Дэвис Кубогындағы алғашқы ойыннан кейін Қазақстанның ерлер арасындағы екінші ракеткасы Михаил Кукушкин жарыстан алған әсерімен бөлісті:

«Егер бұл қатардағы турнирлердің бірі болса, мен 1:6, 0:6 есебімен ұтылуым мүмкін еді. Өйткені, септің бірінші жартысында ойыным мүлдем жүрмей жатты. Бірақ бұл ел намысын қорғайтын құрама ойыны болды. Осы стадионда, көгілдір экран алдында қаншама отандастарымыз бізді қолдап отырғанын білеміз, сондықтан қолымды төмен түсіріп, жеңістен жай ғана бас тартуға құқығым жоқ. Сондықтан қолдан келгеннің бәрін жасадым. Қандай қарсылас және қандай ұпай екені маңызды емес, алаңда тұрғанда мен барымды саламын», – деді Михаил Кукушкин.

Айта кеткен жөн, «D» тобында аталған екі командадан басқа АҚШ және Ұлыбритания құрамалары өнер көрсетеді. Плей-офф кезеңіне үздік екі команда жолдама алады. 15 және 18 қыркүйек күндері Қазақстан құрамасы АҚШ және Ұлыбритания командаларымен ойнайды.

БОКС



ГОЛОВКИН–КАНЕЛО:3

Боксшылар жүзбе-жүз кездесті

Қазақстандық боксшы Геннадий Головкин мен мексикалық Сауль Альварес төрт жылдан кейін Лас-Вегаста (АҚШ, Невада штаты) қайтадан бетпе-бет кездесті.

18 қыркүйек күні таңертең T-Mobile Arena алаңында Головкин мен Альварес арасындағы үшінші жекпе-жек өтеді. Бұған дейін бұл стадионда олардың алдыңғы кезде-

сулері 2017 және 2018 жылдары өткен. Бірінші жекпе-жек төрешілердің бөлінген шешімі бойынша тең аяқталды (115-113, 110-118, 114-114). Екінші кездесуде төрешілер тарапынан тағы да бөлек шешім шығып, Канело жеңіске жеткен (114-114, 115-113, 115-113).

Жарыс алдында Головкин мен Альварес MGM Grand қонақүйінде алғаш рет жүзбе-жүз кездесті.

Айта кеткен жөн, бұл кездесуде WBA, IBF, WBO белбеуі және орта салмақтағы The Ring атағы сарапқа түседі.

ГРЕК–РИМ КҮРЕСІ

Алғашқы жүлде алынды



Грек–рим күресінен Қазақстан командасы Белградта (Сербия) өтіп жатқан әлем чемпионатының алғашқы медалін жеңіп алды.

Сербия астанасы Белград қаласында күрестен әлем біріншілігі өтіп жатыр. Қазақстан құрамасының қоржынына алғашқы жүлдені Айдос Сұлтанғали әкелді. Ол грек-рим күресінен 60 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде сынға түсіп, қола жүлдеге ие болды.

Сұлтанғали ширек финалда Лиго Цаоны жеңіп, 1/2 финалға шыққан. Алайда, жартылай финалда Жоламан Шаршенбековке (Қырғызстан) есе жіберді. Үшінші орын үшін таласта отандасымыз Венгриядан келген Кристиан Кечкеметті жеңді – 7:1.

Айта кеткен жөн, бұған дейін қола жүлде алу мүмкіндігі Аманғали Бекболатов және Ибрагим Магомадовқа болған.

Грек-рим күресінен 55 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде күш сынаған Аманғали Бекболатов қола жүлде үшін белдесуде өзбекстандық Жасұрбек Ортикбоевқа жол берді. Ол өз салмағында бесінші болды. Ал Ибрагим Магомадов жарыс жүлдегері анықталатын кездесуде Түркиядан келген Селчук Джанға есе жіберді.

ВЕЛОСПОРТ

Жүйріктер жарысы өтеді



18 қыркүйекте Воллонг-гонг қаласында (Аустралия) тасжолдағы велоспорттан Әлем чемпионаты басталды.

Қазақстан құрамасы сапында әлем біріншілігіне 15 велоспортшы аттанады.

Ерлер санатында ел намысын Алексей Луценко, Юрий Натаров, Вадим Пронский және Евгений Федоров қорғайды.

Андер сайысында Қазақстан құрамасынан Нұрберген Нұрлықасым, Глеб Брусенский, Андрей Рейм-

хе, Евгений Федоров және Никола Винокуров бақ сынады.

Айта кеткен жөн, Федоров элитада жеке-кей сын бойынша жарысқа түседі, ал андер санатының топтық жарысында кемпіркосак жейдесі үшін таласады.

Жасөспірімдер құрамасы сапында Әлем чемпионатына Алексей Ваганов, Максим Тараскин және Илья Қарабұтов барады. Ал жасөспірім қыздар арасында Виолетта Казакова, Алина Спирина, Милан Котельникова және Виктория Марчук өнер көрсетеді.



ТӘРБИЕ ДЕГЕН БІР ТӘҢІР

«ӘЖЕЛЕР ИНСТИТУТЫ»

заманға сай қайта жаңғырса деген тілегіміз бар

Адам өмірінің мәні, көз қуанышы – бала. Баланың бойындағы табиғи қасиеттер, адамгершілік құндылықтары отбасында, мектепте, әлеуметтік ортада қалыптасады. Әрбір ата-ана қоғамға ең алдымен дені сау, ұлттық сана сезімі ояу, мәдениетті, еңбекқор сынды бойында басқа да ізгі қасиеттер қалыптасқан ұлтжанды ұл мен қылықты қыз тәрбиелеу үшін ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген. Бүгінде қазақ сол ғасырлар бойғы ұлы құндылықтан ажырап, бүгінде сәбиін «әлдилеп» тербететін, ән айтып еміренетін әжелер азайды. Бесік жырын білмейтін аналар көбейді. Атам қазақтың ұрпақ тәрбиесін жоғары қойғандығы соншалық, оған туған-туыс, бір рулы ел болып, қала берді бүкіл ауыл болып атсалысқан. Әсіресе, үйдегі көпті көрген қарт ата мен әженің тәрбиесі үлкен рөл атқарады. Бүгін қоғам әжелер тәрбиесіне қаншалықты деңгейде мән беруде?

«Қазір жалпы «әже» деген сөздің өзі біздің сөз қолданысымыздан шығып бара жатқан сияқты. Немере-шөберелерінің тілдері келмей «әжека» атанғандарды да көріп жүрміз. Осылайша ұлттың тәрбие мектебі болған «әжелер институты» жойылып барады. Ақ жаулықты тек Наурыз сияқты мереке күндері ғана тартатын немесе «ән айтамын» әжелердің жаңа легі қалыптасты. Бүкіл ауылға бас болып отырған дуалы ауыз ақсақалдардың бүгінде сирек те болса бар екені сияқты, отбасының ұйытқысы болып отырған әжелер әлі де кездеседі. Оны жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен, жалпы алғанда, немерелерімен бірге түрлі сериалдар қарайтын, соған еліктейтін кейбір «әжелер» бүгінде бесік жырын айта бермейді, ал тәрбиелік мәні зор небір аңыз-әңгімелер мен ертегілердің ұмытылғаны қашан. Әжелер жасайтын күрт пен көжені аңсайтынымыз, басымай қалған текемет пен кілемді іздейтініміз де сондықтан шығар, сірә. Ендеше, бүгінгі күні ұлттық тәрбиеміздің жұтандануын әжелер бейнесінің көмескі тартуымен де байланыстырып қарауға болатын сияқты», – дейді тарих ғылымының докторы Дархан Қуандықұлы.

Қазіргі уақыттағы көпшілікті ойландыратын мәселелердің бірі де «толық емес отбасы» төңірегіндегі ойлар. «Жалдамалы тәрбиеші» дейміз, тіпті, интернет, телеарна, компьютердегі түрлі фильмдер, атысшабыс ойындар балаларымызға қаншалықты теріс тәрбие беріп жатыр? Кезінде атам қазақ ұрпақ тәрбиесін жоғары орынға қойып, өз перзенттерін ағайын-туыс, тіпті, бір қауым ел болып тәрбиелеген емес пе? Ал қазіргі уақытта бала тәрбиесі қай деңгейде?

«Расында, балабақшада жүріп ертегі естімеген, батырлар жырын тыңдамаған, өзге тілде шүлдірлеп тілі шыққан бала қалай қалыптасады? Адам мінез-құлқының, табиғатының, қабілеті мен қасиетінің сәбилік шағында, 5–7 жасында қалыптасатынын ескерер болсақ – бұл өте өзекті сұрақ. Осыдан соң бала ержете келе «Ұрпақ неге азып барады?», «Өскелең жас ұрпақ неге ұлттық дәстүрлерден жүрдай?» деп жастарды орынсыз кінәлауға бейім тұрамыз. Шындап келгенде, мұның түп-төркінінде отбасында әже тәрбиесін, ана өнегесін ақсатып алғанымыз жатқан жоқ па?», – дейді ғалым.



Қоғамды дәстүрлі құндылықтар сақтайтыны белгілі. Ал бізде ұлтты ұйытатын осындай құндылықтардың сөгініп бара жатқанын мойындауға мәжбүрміз. Бұл ретте қастерлі құндылықтардың бірі ретінде «әжелер институты» заманға сай қайта жаңғырса деген тілегіміз бар: балабақшаларда ақжаулықты әжелеріміз бүлдіршіндерге ертегі айтып отырса, мемлекет ұлттық қолөнерді дамытуға жағдай жасап, ісмер әжелеріміз текмерет басып, кілем тоқуды, сол сияқты көптеген ұмытылған салт-жоралғыларды жастарға үйрете бастаса – ана тіліміз өркен жайып, көптеген игі дәстүрлеріміздің де қайта жанданары анық. Иә, бүгінгі бесікті түзеу – елдің ертеңін күзетудің басы екенін ұмытпайық!

P.S.

БІР САУАЛ

Баланы еркелетіп атауға бола ма?



Жалғас САДУАХАСҰЛЫ,
ғалым:

Ислам балаларға сүйіспеншілік және мейірімділікпен қарайды. Баланы тіпті жәннаттың көбелегімен теңейді. Мысалы пайғамбар (с.ғ.с.) немерелері Хасан мен Хусейнді қатты жақсы көріп, олармен өзі ойнайтын еді. Сондықтан да Ислам оларға қатты қамқор болуға шақырады. Әбу Һурайрадан жеткен хадисте: «Алланың елшісі (с.ғ.с.) Хасан ибн Әлиді сүйеді. Оның қасында әл-Акрағ ибн Хабис әт-Тамими отырған болатын. Акрағ: – Расында менің он балам бар. Олардың бірін де сүймедім, – дейді. Алланың елшісі (с.ғ.с.) оған қарап: – Кім рақымды болмаса, оған рақымдылық бұйырмайды, – деп айтады» (Бұхари). Сол үшін баланы еркелетіп атаудың әбестігі жоқ. Бұл атананың баласына, үлкен бауырдың кішісіне деген махаббат, сүйіспеншілік, мейірім және сол сияқты сезімдерден шығады. Тіпті белгілі сахаба Әбу Һурайраның өзін еркелетіп атаған. Исламда кейбір адамдардың айтқанындай «баланы сүюге болмайды», «баланы жақсы көруге болмайды» немесе «оларды иіскеуге болмайды» деген сияқты пікірлерге ешқандай негіз жоқ.

ФИБРАТТЫ ӘҢГІМЕ

Ертеде бір мұңсыз патша шектен тыс ішіп-жеп, артық салмақ жинап алыпты. Толықтығы соншалықты артық салмағынан арылу үшін дәрігерлердің ақыл кеңесіне сүйенуге мәжбүр болыпты.



Мұңсыз патша

Ел арасындағы білікті дәрігерді шақырып, одан артық салмақтан арылудың жолын сұрап, дәрі беруін өтініпті. Сонда патшаны көрген дәрігер:

– Алла саған жар болсын! Мен бүгінгі ғана емес, аурудың жағдайына қарай болашағын да болжай алатын дәрігер ретінде айтарым, сізге бір қарағаннан көп нәрсені түсіндім. Өкінішке қарай, шамамен бір айлық ғана өміріңіз қалыпты. Сізге қандай дәрі берсем де оның еш пайдасы жоқ, – деп кесіп айтыпты.

Дәрігердің бұл сөздеріне ашуланған патша дереу оны абақтыға жабуын бұйырыпты. Білгір дәрігердің айтқан сөздерінің қаншалықты рас-өтірігін

білу үшін басқа да дәрігерлердің кеңесіне жүгініпті. Олар да әлгі білгір дәрігер айтса, рас айтатынын, оның бұл салада білікті маман екенін растапты. Амалы таусылған патша бір ай бойы халықтың алдына шықпай, ешнәрсеге зауқы соқпай, күн сайын уайымнан мұңға батып, ішіп-жеуден ұзақтап қалыпты. Осы аралықта патша да арада бір ай уақыт өтер-өтпес толығымен азып, жүдеп қалған екен. Бір ай өткеннен кейін патша өзінің өлмегенін, аман-есен екенін, дәрігердің айтқанын жоққа шығармақ үшін абақтыда жатқан дәрігерді қайта құзырына шақырып:

– Өтірік сөзің ортаға шықты. Мен

өлмедім, тірімін. Айтқан жалған сөздерің үшін жазанды енді тағайындаймын, – дегені сол еді, дәрігер де сөздің аяғын күтпестен оған қарсы жауап берді:

– Сізге Құдайым жар болсын! Мен Алланың әлсіз бір құлымын. Болашаққа қатысты ешнәрсе білмеймін. Білсем де мамандығыма қарай ең төмен дәрежеде аз білетінім бар еді. Бірақ сіздің артық салмақтан арылудың жалғыз жолы және емі қайғы, мұң екенін түсіндім. Сондықтан мен сізге бір ай ғана өміріңіз қалыпты деп айтқан едім, – дейді.

Дайындаған
Айжан БҮРКІТБАЕВА.



БАЙҚАУ

Алматыда Қала күніне арналған байқау өз мәресіне жетті. Жеңіске жеткен журналистер мен блогерлерді марапаттау рәсімі өтті.

ҮЗДІК ЖҰМЫСТАР МАРАПАТТАЛДЫ



АҚТОЛҚЫН ТҮРЛЫҒАЗЫ

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы және Алматы өңірлік коммуникациялар қызметі өткізген байқауға 70-тен астам жұмыс жиналған. Қазылар алқасы номинациялар бойынша 10 жеңімпазды анықтады.

Марапаттау рәсімі Алматы қалалық Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Ренат Бекбергеновтің қатысуымен өтті. Ол тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы кезеңіндегі журналистер жұмысының маңыздылығын атап өтіп, қала тақырыбын арқау еткен журналистерге алғысын білдірді. Ренат Бекбергенов барлық жұмыстарды мұқият қарағанын, олардың әрқайсысы да жеңіске лайық екенін алға тартты. Ол, сондай-ақ, жеңімпаздарды келе жатқан Қала күнімен құттықтап, бұдан ары да сөз шеберлігін, азаматтық жауапкершілікті және адамдарға деген жақсы қарым-қатынасты орнатуға тілек білдірді.

«Газеттегі үздік авторлық жарияланым» номинациясымен әріптесіміз, «Вечерний Almaty» газетінің тілшісі Наталья Глушаева марапатталды. Тәжірибелі журналист Алматының өмірін қалалықтардың сүйікті басылымында жариялап отыратынын байқауға болады.

«Еңбегіңіздің жоғары бағаланғаны, әсіресе, осындай мықты бәсекеде байқалғаны қашанда жақсы. Жалпы, «Вечерний Almaty» газетінде 17 жыл қызмет етіп келемін. Мен мұнда Журналистика факультетінің 2-курс студенті болғанда келдім. Қазір қарап отырсам, өмірімнің тең жартысы осы жерде өтіпті. Жас журналистерге айтарым – ең бастысы, сүйікті ісіңмен айналыс, жан-дүниенің жұмыс жаса, сонда оқырман жүрегінде жаңғырық болып мәңгілік сақталасың», – дейді «Вечерний Almaty» газетінің тілшісі Наталья Глушаева.

Әріптесіміздің жарысқа ұсынған «Бұл ең-ең қала: біздің қаламыздың таңғажайып фактілері» атты мақаласын «Вечерний Almaty» газетінің наурыз айындағы нөмірінен табуға болады.

Аталмыш байқауда оқырмандарға есімі етене таныс «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісі Арман Октябрь «Алматы өмірі туралы үздік авторлық жарияланым» номинациясында жеңіске жетті.

«Алматы еліміздің экономикалық күре тамыры, әрі рухани жүрегі болғандықтан, Алматыдан тарайтын жаңалық тұтас ел тұрғындарының көңіл күйіне тікелей әсер етеді. Осы Алматының тыныс-тіршілігін халыққа танытып, қала билігімен БАҚ өкілдері ара-

сында алтын көпір орнатқан өңірлік коммуникациялар қызметіне көп рахмет. Тілшілік тіршілікте «Egemen Qazaqstan» газетінің Алматыдағы тілшісі болғандықтан, қаламызда болып жатқан жақсы, игі жаңалықтарды, сыни проблемалық жаңалықтардың бәрін қамтып отырамыз. Кезекті бір мақаламды қаланың экономикалық дамуына байланысты жіберген едім, жүлделі болған екен. Бұл жаңалыққа қуаныштымыз, қаламыз күн сайын көркейіп жандана берсін», – дейді журналист Арман Октябрь.

«Үздік бейнематериал» номинациясын «КТК» телеарнасының журналисі Михаил Корчевский жеңіп алды. Ол Алматы қаласы әкімінің халықпен есеп беру кездесуінен қызықты сюжет дайындаған.

Танымал алматылық фотограф және блогер Дмитрий Доценко «Үздік фотожұмыс» номинациясының жеңімпазы атанды. Айта кетсек, Дмитрийдің еңбектері әлеу желіде миллион қаралым жинайды.

«Информбюродағы» әріптестеріміз Оксана Трофимова мен Тимур Батыршин дайындаған урбанистика туралы материал «Алматы өмірі туралы интернет-ресурстағы үздік лонгрид» номинациясын жеңіп алды.

Аталмыш байқауда әлеужелідегі жұлдыздар да шеткері қалмады. «Әлеуметтік желілердегі Алматы өмірі туралы блогердің үздік жарияланым» номинациясы бойынша Ұлпан Рамазанова жеңіске жетті. Сондай-ақ, «Әлеуметтік желілердегі Алматы туралы үздік видео» бағыты бойынша Дмитрий Байназаров жеңіс тұғырынан көрінді. «Алматы өмірі туралы үздік авторлық жарияланым» номинациясын «Qazaqstan» ұлттық арнасының тілшісі Фариза Калимурзина жеңіп алды. Көпшілікке өз еңбектері арқылы танылып жүрген жас журналист Данан Маратова «Алматы өмірі туралы үздік фотожұмыс» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Сондай-ақ, әділ қазылардың ерекше көңілінен шыққан Әмірболат Құсайынұлының материалдары «Интернет-ресурстағы Алматы өмірі туралы ең үздік лонгрид» номинациясы бойынша үздік деп танылған.

Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен өткен байқауда журналистер мен блогерлерге әкімдік қызметкерлері ерекше алғысын білдірді. Пандемия мен референдум өткізу кезінде журналистердің орасан зор еңбегі байқалғанын атап өтті.

«Еркін микрофон» режимінде журналистер мен блогерлер өздерінің ой-пікірлерін айтып, жұмыс қорытындылары мен алдағы жоспарлары жайында ой бөлісті.

ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙ: ПІКІР, ТІЛЕК, ҰСЫНЫС

«АЛТЫН АДАМНЫҢ»

(«Almaty aqshamy», №42 (6177), 21 сәуір, 2022 жыл)



1970 жылы Қазақстандағы Есік қорғанынан табылған Алтын адам еліміздің символына айналғаны белгілі. Қазба жұмыстары кезінде Сақ қорғанынан төрт мыңнан астам алтын бұйымдармен бірге күміс тостаған шыққаны белгілі. Тостағандағы 26 таңба көптеген ғалымдардың назарын аударғанымен, оның кілтін тауып оқып, ғылымға қажетті мол мәліметті шығарған ешкім болмады. Тек 1980 жылдардың соңында физика-математика ғылымының кандидаты, доцент Мағрипа Жылқыбаева Алтын адамның тостағандағы жазуы жайлы баспасөз беттерінен көріп қалып, әр таңбада ғылыми формула бар деген ойға келеді. Сөйтіп, өзінің қызмет орнын тастап, Алтын адамды зерттеуге 30 жыл ғұмырын жұмсады, әйгілі 26 таңбаның құпиясын физика-математикалық әдіс-тәсілдермен зерттеген ғалым артына көп томдық мұрасын қалдырды.

ТҰЛҒАНЫ ЖАҢАША ТАҢУ

Өткен аптада, қыркүйектің 8 күні Алматы облысындағы Есік қаласында Мағрипа Жылқыбаеваның ғылыми мұрасын насихаттау мақсатында бірнеше шара өтті. Алдымен Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығында «Алтын адамның күміс тостағандағы 26 таңбасының құпиясын ашқан ғалым» деген тақырыпта «Дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Мағрипа Шөжеғұлқызының мұрасын зерттеушілер музей қызметкерлері мен аймақ мектептеріндегі тарих пәнінің мұғалімдері алдында сөз сөйлеп, Алтын адам тұлғасын жаңаша танудың өзектілігіне тоқталды.

Есік мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы басшысының орынбасары Досым Зікірия жүргізген басқосуда ғалымдар Мағрипа Жылқыбаеваның «Алтын адамның аманаты», «Алтын адамның мұрасы», «Құпия күштер күдіреті» деп аталатын кітаптары жайында пікір алмасты. Жиында, сондай-ақ, «Қазақстан дәуірі» газетінің Бас редакторы Ертай Айғалиұлы, Мағрипа Жылқыбаеваның мұрасын зерттеп, насихаттап жүрген ғалым, акын Болат Шарахымбай, Еңбекшіқазақ ауданының құрметті азаматы, қаламгер Шаяхмет Құсайынұлы, т.б. зиялы қауым өкілдері сөз сөйледі. Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Жамбыл

атындағы орта мектеп пен Еңбекшіқазақ ауданынан тарих пәнінің ұстаздары қатысып, пікір бөлісті. Физик ғалымның Алтын адам жазуы мен жартастардағы петроглифтерді зерттеудегі өзіндік тың әдістері талқыланған «дөңгелек үстелді» мекеме басшысы Гүлмира Мұхтарова қорытындылады.

Сонымен қатар, Еңбекшіқазақ аудандық кітапханасында аймақтағы кітапханашылар мен мектеп мұғалімдерінің қатысуымен Алтын адам мұрасын бүгінге жеткізген физик-ғалымның еңбектерін талқылауға арналған жиын өтті. Басқосуда ғалым еңбектерін ары қарай зерттеу, оқыту мәселелері де көтерілді. Кітапхана ұжымы атынан сөйлеген Гүлия Саурықова Еңбекшіқазақ ауданына Мағрипа Жылқыбаеваның кітаптарын тарту еткені үшін ғалымның ұрпақтарына алғыс айтты.

Осы күні ғалымды еске алуға арналған тағы бір шара Есік археологиялық өлкетану музейінде ұйымдастырылды. Мағрипа Шөжеғұлқызының көзін көрген зиялы қауым өкілдері Есік гуманитарлық-экономикалық колледжінің студенттері, ұстаздар қауымы және Ж.Қайыпов атындағы орта мектептің оқушылары алдында баяндама жасады. Музей меңгерушісі Нарима Тойжанова аймақтағы мектеп мұражайларының қызметкерлеріне М.Жылқыбаеваның еңбектерін таныстырды.

Біз бүгін «дөңгелек үстелде» ғалым мұрасын зерттеушілер айтқан пікір, тілек, ұсыныстардың тағы бір парасын оқырмандар назарына ұсынып отырмыз.

P.S. Қала күні қарсаңында БАҚ журналистеріне арналған байқауда «Газеттегі үздік авторлық жарияланым» номинациясын жеңіп алған әріптесіміз, «Вечерний Almaty» газетінің тілшісі Наталья Глушаеваны абыройлы жеңісімен құттықтаймыз. «Alatau Aqparat» ЖШС ұжымы алдағы алар асуларының бұдан да жоғары бола беруіне тілектестік білдіреді. Қаламың мұқалмасын, Наталья!

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



АМАНАТЫ»

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Болат ШАРАХЫМБАЙ:

БҮЛ – ӘЛЕМДЕ БОЛМАҒАН СЕНСАЦИЯ!

Мағрипа Жылқыбаева – Алтын адамның тостағандағы жазуын фундаменталды тұрғыда ғылыми әдіспен зерттеген жалғыз ғалым. Алтын адам әлеміне терең бойлап, соған отыз жыл өмірін сарп еткен зерттеуші республикада жоқ. Ол кісінің ізін жалғастырғандар да әлі шықпады. Күміс тостағанның қорғаннан шыққанына 50 жыл болса, Мағрипа Шөжеғұлқызы соның 30 жылын таңбаларды зерттеп, мәнін қағазға түсірумен болған. Ғалым 26 таңбадан үш томдық мәтін шығарған. Одан да ары тереңдеп, бұл таңбалардың 49 қабаты бар екенін анықтап, жаратылыстану, гуманитария ғылымдарына керекті орасан мол мәлімет шығарды. Бұл деген әлемде болмаған сенсация! Ғалым мұрасының бір бөлігі 2020 жылы үш том болып жарық көрді. Ғалымның басқа дүниелерін баспадан шығаруды үкімет қолға алғаны жөн.

Менделеевті де ешкім мойындамаған

